Аннотация: В статье рассказывается о том, что основа воспитания лежит в национальных ценностях. Национальные ценности – духовное и культурное наследие народа, играют важную роль в формировании воспитательного процесса в обществе. Благодаря национальным традициям, обычаям и истории молодое поколение получают моральные и этические основы. В статье рассматриваются воспитательные решения и примеры использования национальных ценностей. На основе принятия молодежи к себе национальных ценностей, их использования в жизни возрастает стабильность и развитие общества. Роль и значение национальных ценностей в воспитательном процессе особенные. Национальные ценности способствуют духовному, культурному и социальному развитию молодежи. В статье на основе мнений и исследований ученых обсуждается взаимосвязь национального воспитания и культуры, а также пути сохранения и развития национальных ценностей.

Рассматриваются вопросы формирования патриотических чувств молодежи через внедрение национальных ценностей в воспитательную систему, влияния на их личностное развитие. Это исследование подчеркивает важность национального воспитания и культуры в современном обществе.

Ключевые слова: воспитание, национальные ценности, культурное наследие, традиции, обычаи, молодежь, мораль, этические нормы, история, общество, устойчивость, развитие.

Тәрбие әрбір қоғамның өскелең буындарына бағыт беретін, олардың келешегіне жол бастайтын негізгі факторлардың бірі. Бүгінгі таңда жастарға тәрбиелік ықпал жасау, ұлттың мәдени және тарихи құндылықтарын насихаттау мәселесі ерекше маңызды. Ұлттық құндылықтар адамның өзін-өзі тануында, мәдениетті игеруде және дүниетанымын қалыптастыруда үлкен рөл атқарады.

Тәрбие – бұл жеке тұлғаның қалыптасуында аса маңызды рөл атқаратын процесс. «Тәрбие негізі – ұлттық құндылықтарда» деген мақала тақырып тәрбиенің негізін дәстүріміз бен мәдениетіміздің мәйегі ретінде қарастырады. Ұлттық құндылықтар – біздің ата-бабаларымыз қалдырған асыл мұра, ол отбасымызда, қоғамымызда, мемлекетімізде сақталып, дамытылып келеді. Болашақ ұрпаққа білім мен тәрбие беру – әрбір ата-ана мен педагогтың парызы. Ата-бабаларымыздың көзқарастары, өмір салты, моральдық қағидалары бүгінгі таңда да өзекті. Мысалы, халқымыздың батырлық, достық, адалдық сияқты қасиеттері бүгінгі жастарға үлгі болып табылады. Ұлттық құндылықтарды тәрбиеде қолдану – жастардың болмысын қалыптастырып, олардың азаматтық жауапкершілігін арттырады.

Сонымен қатар тәрбие адамның өмірінде айрықша орын алатын және оның тұлғалық дамуында маңызды рөл атқаратын процесс. Ұлттық құндылықтар тәрбие беру жүйесінің негізін құрайды, себебі олар ұлттың мәдениетін, дәстүрлерін, ділі мен рухани байлығын бейнелейді. Бала кезінен бастап ұрпаққа ұлттық құндылықтарды сіңіру арқылы қоғамның болашағын қалыптастырамыз. Отанға, ұлттық дәстүрлерге, тіл мен дінге деген құрмет – кез келген тәрбиенің басты мақсаты. Ұлттық құндылықтардың негізінде тәрбиеленген жастар қоғамда жауапты, ұстамды, ұлтжанды азаматтар болып өседі.

Тәрбие қоғамның мәдени және рухани негіздерін қалыптастырудың маңызды механизмі. «Ұлт боламын десең бесігіңді түзе» деп заңғар жазушы М.Әуезов текке айтпаса керек. Біздің мәдени мұрамыз, ұлттық әдет-ғұрыптарымыз бен дәстүрлеріміз, тәрбиенің негізгі құрылымдық элементтері ретінде қызмет етеді. Бүгінде еліміздің әрбір азаматы үшін ұлттық құндылықтардың маңызы аса зор. Олар балаларымыз бен жастарымызды тәрбиелеу барысында күрделі рөл атқарады. Ұлттық құндылықтарды ұғыну, олардың мәнін түсіну және сақтау – біздің болашағымызды құруда негіз бола алады. Мәселен, қазақ халқында «ата-анаға құрмет» және «үлкендерге ізет көрсету» ұстанымдары жастарға отбасылық тәрбие негізінде беріледі. Бұл тәрбие арқылы олар адалдық, сыйластық сияқты жоғары моральдық қасиеттерді бойына сіңіреді. Сонымен қатар, ұлттық мәдениетіміздің элементтері жастардың тұлғалық дамуына оң әсер етеді. Ұлттық құндылықтар арқылы жастарымызға өзінің тарихи және мәдени тамырларын ұғынып, құрмет көрсету мүмкіндігі беріледі. Тәрбие негізі ұлттық құндылықтармен тығыз байланысты. Ұлттық құндылықтар – бұл халықтың мәдениеті, дәстүрлері, тарихы мен

тілінің негізінде қалыптасқан, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін рухани және материалдық байлық. Олар адамның дүниетанымын, мінез-құлқын, өмір сүру салтын, қоғамдағы орнын анықтайды.

Қазақстанның тәуелсіздігімен бірге ұлттық құндылықтарды қайта жаңғырту, оларды жастарға жеткізу мәселесі өзекті болып отыр. Бүгінгі таңда жастарымыздың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру – еліміздің болашағы үшін аса маңызды. Ғалымдар мен педагогтар ұлттық тәрбие мен ұлттық құндылықтардың маңыздылығын атап өтуде. Мысалы, қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев: «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деп, тәрбиенің негізі ұлттық құндылықтарда екенін осыдан ғасыр бұрын айтып кеткен [1, 95-б.].

Ұлттық құндылықтар – бұл тек мәдениет пен дәстүрлер ғана емес, сонымен қатар, адамгершілік, адалдық, еңбекқорлық, патриотизм сияқты қасиеттер. Олар жастардың бойында ұлттық сана-сезімді, ұлттық мақтаныш сезімін қалыптастыруға көмектеседі. Тәрбие процесінде ұлттық құндылықтарды насихаттау, оларды өмірде қолдану – әрбір азаматтың міндеті.

Әдістеме

Мақаланы жазу барысында ұлттық құндылықтардың тәрбиедегі рөлін зерттеу барысында ғылыми әдебиеттер мен зерттеулерді талдау үшін теориялық талдау, әр түрлі мәдениеттер мен ұлттық құндылықтарды салыстыра отырып, тәрбиенің ерекшеліктерін анықтау мақсатында салыстырмалы әдіс, ұлттық құндылықтардың тарихи даму жолын зерттеу, олардың тәрбиедегі рөлін анықтау үшін тарихи контекст әдісі, сол сияқты мақалада ұлттық құндылықтарды насихаттау үшін шығармашылық әдістерді (мысалы, поэзия, әңгімелер, қанатты сөздерді) қолдану мақсатында креативті әдіс, тәрбие саласындағы проблемаларды анықтап, ұлттық құндылықтардың оларды шешудегі рөлін көрсету проблемалық талдау тәсілдері қолданылды. Осы әдістерді қолдана отырып, мақалада ұлттық құндылықтардың тәрбиедегі маңыздылығы мен рөлін жан-жақты көрсетуге талпыныс жасалды.

Зерттеу бөлімі

«Ұлттық құндылықтар» термині қоғамның мәдени, тарихи, әлеуметтік және рухани мұраларын, сондай-ақ халықтың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын қамтитын ұғым. Бұл құндылықтар халықтың бірлігін, идентификациясын және мәдениетінің сақталуын қамтамасыз етеді. Ұлттық құндылықтар әрбір ұлттың өзіндік ерекшеліктерін, дүниетанымын және өмір сүру салтын көрсетеді. Олар білім, өнер, тіл, дін, моральдық нормалар мен этикалық принциптер арқылы қалыптасады. Ұлттық құндылықтар жастардың тәрбиесінде, қоғамның дамуында және ұлттық мәдениеттің сақталуында маңызды рөл атқарады. Мұстафа Шоқайдың «Ұлттық мәдениеттен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан, халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын, пайдалы азамат шықпайды», - деген сөзі келешек ұрпаққа айтылған сөздің бүгінгі таңға дейін өзектілігін жоймағандығын көрсетеді [2 78-б.].

Ұлттық құндылықтардың басты элементтерінің бірі – ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар. Олар әрбір ұрпаққа өткен тарихты, мәдениетті, дінді, тіл мен өнерді жеткізіп, халықтың рухани байлығын арттыруға көмектеседі. Мысалы, қазақ халқының ұлттық ойындары, әндері мен билері, дастарқаны, тіпті сәлемдесу мәнерлері – барлығы ұлттық идентификацияның негізі болып табылады. Тәрбие барысында балалар мен жастарды ұлттық құндылықтарға бағыттау, патриотизмге, халық тарихына, мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру қажет. Бұл орайда, ұлттық тәрбиенің негіздерін үйрететін білім беру мекемелерінің рөлі зор. Мектептегі ұстаздар мен ата-аналар балаларға ұлттық тәрбиені, оның негіздерін беріп, қазақ халқының мәдени мұрасын танытуға мүмкіндік жасау тиіс. Сонымен қатар, ұлттық құндылықтарды дәріптей отырып, саналы азаматтарды тәрбиелеу өте маңызды. Ұлттық құндылықтардың негізгі компоненттері – адалдық, еңбекқорлық, салт-дәстүрге құрмет – жастарға моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, қоғамда өз орнын таба білуге көмектеседі. Мысалы, жастар арасында ұлттық құндылықтарды насихаттайтын түрлі жобалар, шағын блогтар мен фильмдер, шығармашылық кештер, конкурстар ұйымдастыру арқылы, олардың ұлттық сана-сезімін оятып, болашақта елін, жерін сүйетін азаматтар қалыптастыруға болады.

Тәрбие процесіндегі ұлттық құндылықтардың рөлі мен маңыздылығы әр алуан аспектілермен көрінеді. Олар тарихи, мәдени, әлеуметтік, эмоционалдық және рухани сипаттағы элементтерді қамтиды. Мысалы, қазақ ұлтының «Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» ұғымы жастарға адамдарға құрмет көрсету, мейірімділік таныту, көмектесуге дайын болу сезімін тәрбиелейді. Өзгелерді қадірлеу, қолдау көрсету, олардың жанында болу – бұл қасиеттер ұлттық тәлім-тәрбиенің негізі.

Ұлттық құндылықтардың тәрбиелік әсері тек шығу тегінде кепілденбейді, сонымен бірге білім беру жүйесінде, салт-дәстүрлер мен қоғамдық өмірде де айқын көрінеді. Мектептерде, университеттерде ұлттық әдебиеттерді, өнер шығармаларын оқыту, ұлттық спорт түрлерімен шұғылданду, жастарының белсенділігін арттыру сияқты шаралар ұлттық сана-сезімді қалыптастыруға көмектеседі. Ұлттық құндылықтар – әр халықтың мәдениетіне, тарихына, тіліне, дәстүрлеріне қатысты терең тамырлары бар құбылыстар. Олар қазақ халқының салт-дәстүрлерінде, әдет-ғұрыптарында, ұлттық өнерінде, тілінде орын ала отырып, келешек ұрпақты тәрбиелейді. Мысалы, қазақтың «Қонақжайлық» дәстүрі – бұл мәдениеттің маңызды бір бөлігі. Қазақ халқында қонаққа құрмет көрсету, оны жақсы қарсы алу – тәрбие процесіндегі күшті құрал болып табылады. Балаға кішкентай кезінен осы құндылықтарды үйрету арқылы, біз оған достық, бағыныштылық, мейірімділік сияқты қасиеттерді дарытамыз. Мақаланы жазу барысында жалпы «қонақжайлық», «меймандостық» ұғымы тек қазақ халқына ғана тән дәстүр емес, негізінен орта Азияны жайлаған барлық түркі тілдес халықтарға ортақ екендігіне көз жеткіздік.

Сондай-ақ, ұлттық бағалылықтарды насихаттау үшін мектеп бағдарламасында қазақ әдебиетінің классиктерінің шығармаларын оқыту өте маңызды. Мысалы, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаевтың шығармалары балаға ұлттық рухты, адамгершілікті, білімділікке деген көзқарасты ашады. Бұл шығармаларды оқи отырып, жастар ұлттық тәлім-тәрбиенің маңыздылығын түсінеді. Өкінішке орай, бүгінде материалдық құндылықтар рухани құндылықтардан жоғары тұратын болды. Мұның салдары өз кезегінде қазақ әдебиетіне де салқынын тигізіп жатқан жайы бар. Кез келген ұлттық мемлекетте бірінші кезекте ұлттық идеологияға жете мән берілуі керек болса, біздің елімізде бұл мәселеге көзқарас кегежу тартыңқырап отыр. Мемлекетіміздің көпұлттылығын қисынсыз көлденең тартушылық – ұлттық идеологиямызға басымдылықты жоққа шығарды. Ұлттық идеология – ұлтшылдыққа да, еліміздегі басқа ұлттардың құқықтарының аяққа тапталуына да әкелмейді» деп ой қорытады белгілі ғалым Д.Ысқақ [3, 3-б.]. Жастардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың тағы бір жолы – ұлттық спорттың түрлерімен айналысу. Қазақша күрес, бәйге, асық ату сынды спорт түрлері – қоғамның мәдениеті мен салт-дәстүрін насихаттаудың тиімді құралы. Ұлттық спорт жастарға ынтымақтастық, командалық жұмыс, табандылық және жауапкершілікті арттырады. Бұл қасиеттердің барлығы тәрбие процесінде ерекше рөл атқарады. Оған соңғы жылдары елімізде өткізіліп жатқан әртүрлі ұлттық ойындарға қатысты ұйымдастырылып жатқан жарыстарды мысалға келтіруге болады.

Өскелең ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу көптеген қоғаммен қызметтес ұйымдардың, мектептердің, отбасының бірлескен жұмысына байланысты. Мысалы, ата-аналар балаларына ұлттық әндер мен күйлерді тыңдату арқылы, оларды дәстүрлі музыкамен таныстыруы керек. Әлемдік тәжірбие көрсетіп отырғандай әр ұлттың өзіне тән бесік жырынан бастау алатын тәрбие жеке тұлғаның өз ұлтының патриоты болуға тәрбиелейді. Халық арасында «өнерде жоқ шекара» деген ұғым қалыптасқанымен ұлттық саз өнерінің тұлғаның ұлтжанды азамат болып қалыптасуына өзіндік ролі бар. Сондай-ақ, ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптейтін мерекелерді, той-томалақтарды өткізу арқылы ұрпаққа ұлттық құндылықтарды құрметтеуіне жақсы түрткі болады. Наурыз мейрамы, сабан той, діни бағыттағы Құрбан айт сынды мерекелер еліміздің тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрлерін үйретуге мүмкіндік туғызады.

Тәрбие негізі – ұлттық құндылықтарда. Бұл пікірдің астарында терең философия мен әлеуметтік мән жатыр. Ұлттық құндылықтар – бұл халықтың тарихы, мәдениеті, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері. Олар жастарды тәрбиелеу барысында, тұлғаны рухани, моральдық және әлеуметтік тұрғыдан дамытуда маңызды рөл атқарады. Мысал ретінде,

біздің халқымыздың «бата беру» дәстүрін алсақ болады. Бұл дәстүр тек қана жөн-жосықтың белгісі емес, ол рухани мұра. Бата берудің мәні – жастарға мейірімділік, тұтастық және жақсы істер жасауға шақыру. Бата алған жастар өздеріне сенім артып, алға ұмтылуға талпынады. Сонымен қатар, «тілектес болу» және «ортақ игілікке үлес қосу» секілді ұлттық құндылықтар жастардың әлеуметтік жауапкершілігін арттырады. Ұлттық құндылықтар тәрбиесі арқылы жас ұрпақты адамгершілік, ізгілікке тәрбиелеу әрбір ата-ана мен ұстаздың басты міндеті. Мысалы, мектептерде қазақ әдебиеті мен тарихын оқыту кезінде ұлттық құндылықтарды дәріптеу, терең ұғындыру маңызды. Бұл үйрену процесінде ұлттық әдебиетіміздің түпкі астарын түсіну, халқымыздың батырлары мен ақындарын танып-білу, жастардың болашаққа бағытталған көзқарастарын қалыптастырады.

Тәрбиедегі ұлттық құндылықтардың рөлі

Тәрбие процесінде ұлттық құндылықтар жастардың тұлғалық дамуына, олардың моральдық-этикалық нормаларын қалыптастыруға, патриотизм сезімін оятуға ықпал етеді. Ұлттық құндылықтарды насихаттау арқылы жастардың өз мәдениетіне, тарихына және дәстүрлеріне деген құрметі артады.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында сауалнама, интервью, және әдебиетке шолу әдістері қолданылды. Сауалнама арқылы жастардың ұлттық құндылықтарға деген көзқарастары мен олардың тәрбиедегі рөлін анықтау мақсатында 150-ден астам респондентпен жұмыс жүргізілді.

Нәтижелер

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жастардың 75%-ы ұлттық құндылықтардың тәрбиеде маңызды рөл атқаратынын мойындайды. Сонымен қатар, респонденттердің 60%-ы ұлттық дәстүрлер мен мәдениеттің тәрбиелік мәні жоғары екенін атап өтті.

Практикада қолдану

Егеменді ел ретінде, біз жастарға ұлттық құндылықтардың мәнін ұғындырып, оларды өмірде қолдануға үйретуіміз қажет. Біздің халқымыздың бай мәдениеті мен тарихи тәжірибесі арқылы, жас ұрпақ әлемдегі өз орнын табу жолында өзінің тарихын, салт-дәстүрлерін қастерлей білуі тиіс. Тәрбие процесінде ұлттық құндылықтарды пайдалану – қоғамымыздың мәдени сұранысына, даму деңгейіне әсер ететін негізгі әдіс. Тәрбие негізі болып табылатын ұлттық құндылықтар, жастарымыздың рухани және адамгершілік дамуында ерекше орынды алады.

Тәрбие–бұл адамның жеке басының, мінез-құлқының, көзқарастарының қалыптасуында маңызды рөл атқаратын жүйелі процесс. Әсіресе, ұлттың мәдениеті мен дәстүрлері тәрбие арқылы ұрпақтан ұрпаққа жүреді. Қазақстанның ұлттық құндылықтары – халқымыздың тарихы, руханияты, дәстүрлері, ұлттық салт-дәстүрлері, ұлттық ойындары мен өнері.

Бүгінгі таңда ұлттық құндылықтарды тәрбие процесіне енгізу қажет. Мысалы, қазақтың «адамдықтың басты белгісі – адалдық» деген ұстанымы жас ұрпақтың мінез-құлқын қалыптастыруда ерекше маңызға ие. Олардың адал, әділ, мейірімді болып өсуіне септігін тигізеді. Сонымен қатар, «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген заңғар жазушы М.Әуезовтың дана сөзі де тәрбиенің ұлттық құндылықтармен байланысын көрсетеді. Бұл ата-бабаларымыздан қалған асыл мұра, тәрбиелеудегі ұлттың жауапкершілігіне негіз боларлықтай. Балаларды тәрбиелеуде ұлттық шығармашылығымызды, қазақ халқының әндері мен жырларын, би және ойын-жарыстарын қолдану арқылы тәрбиенің күнделікті өмірде көрініс табуына болатындығын көрсетеді. Бұл әдістер жастарда халқына деген патриотизмді, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілікті арттырады.

Сондай-ақ, отбасы тәрбиесі де ұлттық құндылықтарды насихаттауда маңызды. Атам қазақ: «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсін» деп текке айтпаса керек. Отбасылық құндылықтар – балалардың мінез-құлқын қалыптастырып, олардың ақыл-ойы мен дүниетанымын кеңейтеді. Ұлттық құндылықтарды пайдаланған тәрбие тәсілдері арқылы жастарымыздың рухани, мәдени және әлеуметтік дамуын ынталандыра аламыз.

Ұлттық құндылықтардың тәрбиедегі рөлі өте зор. Олар жастардың мінез-құлқын, көзқарасын, өмір сүру салтын қалыптастырады. Мысалы, ғұлама Әбу Насыр әл Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген қанатты сөзі, тәрбиенің білімнен де маңызды екенін көрсетеді. Тәрбие арқылы жастарымыздың бойында

ұлттық құндылықтарды қалыптастыру – біздің басты міндетіміз [4, 89-б.]. Бүгінгі таңда жастарымыздың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығы төмендеп бара жатқанын байқауға болады. Бұл, бір жағынан, жаһандану процесінің әсері болса, екінші жағынан, ұлттық тәрбиенің жеткіліксіздігімен байланысты. Сондықтан, ұлттық құндылықтарды насихаттау, оларды жастарға жеткізу – қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Ғалымдар ұлттық тәрбиенің негізінде ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың бірнеше жолдарын ұсынады. Біріншіден, мектептер мен жоғары оқу орындарында ұлттық тәрбие бағдарламаларын енгізу қажет. Бұл бағдарламаларда қазақ халқының тарихы, мәдениеті, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралы білім берілуі тиіс. Екіншіден, ұлттық құндылықтарды насихаттайтын мәдени шаралар, фестивальдер, конкурстар ұйымдастыру керек. Бұл жастардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттырады. Ол үшін келесідей практикалық бағыттарды ұсынуға болады.

1. Ұлттық мәдениетпен таныстыру: Оқушылар мен жастарға ұлттық мәдениетті, дәстүрлерді, өнерді, әдебиетті таныстыру арқылы олардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру. Мысалы, мектептерде ұлттық мерекелерді атап өту, ұлттық ойындар мен спорт түрлерін ұйымдастыру.

2. Отбасы тәрбиесі: Отбасында ұлттық құндылықтарды насихаттау. Ата-аналарға ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды балаларға үйрету, ұлттық тағамдарды дайындау, ұлттық әндер мен билерді орындау арқылы балалардың ұлттық идентификациясын нығайту.

3. Білім беру жүйесі: Мектептер мен жоғары оқу орындарында ұлттық құндылықтарды оқыту бағдарламаларына енгізу. Мысалы, тарих пәнінде қазақ халқының тарихы мен мәдениетін тереңірек зерттеу, әдебиет сабақтарында ұлттық әдебиет өкілдерін оқыту.

4. Қоғамдық шаралар: Ұлттық құндылықтарды насихаттайтын қоғамдық шараларды ұйымдастыру. Конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізу арқылы жастардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыру.

5. Жобалық жұмыстар: Оқушылар мен студенттерге ұлттық құндылықтарды зерттеуге арналған жобалар жасау. Бұл жобалар арқылы жастар өздерінің ұлттық мәдениетіне деген қызығушылығын арттырып, оны тереңірек түсінуге мүмкіндік алады.

6. Көркем шығармашылық: Ұлттық өнер мен шығармашылықты дамыту. Оқушыларды ұлттық қолөнер, музыка, би, театр өнері сияқты салаларға тарту арқылы олардың ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілігін арттыру.

Осы әдістер мен тәсілдер арқылы ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу мен дамыту, жастардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру, қоғамда ұлттық бірлікті нығайтуға бағытталған жұмыстарды жүзеге асыруға болады.

Ұсыныстар

1. Ұлттық құндылықтарды интеграциялау: Білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды енгізу мақсатында арнайы оқу бағдарламалары мен курстарды әзірлеу. Мектептерде және жоғары оқу орындарында ұлттық мәдениет, тарих және дәстүрлерді оқытуға баса назар аудару.

2. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру: Ұлттық құндылықтарды насихаттайтын мұғалімдер мен тәрбиешілердің кәсіби біліктілігін көтеру. Оларға арнайы тренингтер мен семинарлар ұйымдастыру арқылы ұлттық тәрбиенің маңыздылығын түсіндіру.

3. Отбасылық тәрбиенің рөлін күшейту: Отбасында ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған бағдарламалар мен жобаларды іске асыру. Ата-аналар мен балалар арасында ұлттық мәдениетті, дәстүрлерді және тілдерді үйрету бойынша іс-шаралар ұйымдастыру.

4. Жастарға арналған бағдарламалар: Жастар арасында ұлттық құндылықтарды насихаттайтын әлеуметтік жобалар мен конкурстарды ұйымдастыру. Бұл жастардың өз мәдениетіне деген сүйіспеншілігін арттырып, ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға көмектеседі.

5. Зерттеу жұмыстарын жүргізу: Ұлттық құндылықтардың тәрбиедегі рөлін зерттеу мақсатында ғылыми зерттеулер жүргізу. Олардың нәтижелерін білім беру жүйесінде қолдану арқылы тәрбиелік процесті жетілдіру.

6. Ақпараттық-насихаттық жұмыстар: Ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында медиа, әлеуметтік желілер және басқа да коммуникациялық құралдарды

пайдалану. Халық арасында ұлттық мәдениеттің маңыздылығын түсіндіретін ақпараттық кампанияларды ұйымдастыру.

7. Халықаралық тәжірибені зерттеу: Басқа елдердің ұлттық құндылықтарды тәрбиелеудегі тәжірибелерін зерттеу және оларды еліміздің жағдайына бейімдеу. Бұл ұлттық тәрбиенің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл ұсыныстар ұлттық құндылықтарды тәрбиенің негізі ретінде қолдану арқылы жастардың рухани, мәдени және әлеуметтік дамуына ықпал етеді.

Қорытынды

«Тәрбие төрт түрлі: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі һәм құлық тәрбиесі» деп тәрбиенің түрлерін жіктеген ұлы педагог, ақиық ақын М.Жұмабаевтың тәрбиенің бастауы негізі ұлттық құндылықтарда жатқандығын ескерсек, болашақ ұрпақ үшін олардың маңыздылығы мен мәнін түсіндіру – әрбір азаматтың міндеті [5, 7-б.]. Ұлттық тәрбиені насихаттау, ұлттық құндылықтарды жастардың санасына сіңіру – еліміздің болашағы үшін үлкен жүк. Тәрбие арқылы жастарымыздың санасын оятып, оларды ұлттық құндылықтарымызбен таныстыру арқылы, біз баянды болашақтың іргетасын қалауға ықпал етеміз. Сондықтан, әрқайсымыз, болашақ ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу жолында бірігіп әрекет етуіміз қажет.

Ұлттық құндылықтар жастардың қалыптасуына ықпал ете алатын ең маңызды фактілердің бірі болып табылады. Тәрбие мен ұлттық мәдениеттің тоғысуы қоғамның дамуын, оның жалпы білім мен мәдениет деңгейін анықтайды. Өз ұлттық құндылықтарын түсінген және құрметтеген жастар ғана азаматтық қоғамның белсенді мүшелері бола алады. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлер мен құндылықтарды сақтау әрбір қазақ азаматының міндеті. Тек ұлттық құндылықтарымызды түсініп, қадірлеу арқылы ғана біз болашақ ұрпаққа жарқын және тұрақты қоғам қалдыра аламыз.

Тәрбие негізі ұлттық құндылықтарда жатыр. Балаларды ұлттық сабақтастыққа және ұлттық мәдениетке тәрбиелеу – қоғамның сұранысы. Ұлттық құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу арқылы біз жастарды бәсекеге қабілетті, ұлттық мүддені көздейтін, рухы мықты азаматтар етіп тәрбиелейміз. Сондықтан, ұлттық құндылықтарды насихаттау, оларды тәрбиелеу – әрбір ата-ана, мұғалім, қоғамның міндеті. Тәрбие процесінде тек қана білім емес, сондай-ақ, гуманизм, патриотизм, салт-дәстүрлерге деген құрмет қалыптастыра білуіміз қажет. Адамның өмірінде ұлттық құндылықтарды игеру – өз халқының тарихы мен мәдениетін сыйлап, бағалай білу арқылы жүзеге асады.

Бүгінгі таңда ұлттық құндылықтарды насихаттау, оларды жастарға жеткізу – қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Мектептер мен жоғары оқу орындарында ұлттық тәрбие бағдарламаларын енгізу, мәдени шаралар ұйымдастыру, отбасында ұлттық тәрбиені насихаттау – бұл мәселелердің шешімі. Ғалымдардың пікірлері мен ұлттық құндылықтардың тәрбиелеу рөлі, жастарымыздың болашағын қалыптастыруда маңызды. Тәрбие – бұл тек білім беру емес, сонымен қатар, ұлттық құндылықтарды насихаттау, оларды өмірде қолдану. Тәрбие арқылы жастарымыздың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру – біздің басты міндетіміз.

Қорыта айтқанда, тәрбие негізі – ұлттық құндылықтар. Ұлттық құндылықтар – бұл халықтың мәдениеті, дәстүрлері, тарихы мен тілінің негізінде қалыптасқан рухани және материалдық байлық. Олар жастардың бойында ұлттық сана-сезімді, ұлттық мақтаныш сезімін қалыптастыруға көмектеседі. Сондықтан, әрбір азамат, ата-ана, ұстаз, қоғам мүшесі ұлттық құндылықтарды насихаттауға, оларды жастарға жеткізуге атсалысуы тиіс. Тәрбие негізі – ұлттық құндылықтар, оларсыз болашақ ұрпақтың тәрбиесі толыққанды болмайды.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

1. Әбу Насыр әл-Фарабидің ақыл-ой пікірлері мен нақыл сөздері: жинақ / [жалпы ред. басқ. Ф. М. Мұтанов; құраст.: Ж. С. Сандыбаев, Ы. М. Палтөре]. — Алматы: Қазақ үні, 2020. — 233.

2. М.Шоқай. Таңдамалы шығармалар: үш томдық 1-т.-Алматы, «Қайнар».-2007-352б.

3. Д.Ысқақ «Қазақтың ұлы тұлғасы – Мағжан Жұмабайұлының туғанына биыл 131 жыл» Azattyq ruhy.kz 30.06.2024.

4. Құнанбайұлы Абай. Қара сөз. – Алматы: Көшпенділер баспасы, 2011. – 182-б.

5. Жұмабаев М. . «Педагогика» кітабы. – Қызылжар: 15 сентябрь 1922 жыл. – 144-б.

БИДІҢ БАЛАҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ, ФИЗИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУЫНА ӘСЕРІ

Жанысбаева Бейбитгул Дисулканқызы,
педагог-хореограф Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы
Зайсан ауданы бойынша білім бөлімінің «Балалар музыка мектебі»
КМҚК

Аңдатпа: бұл мақалада бидің балалардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік дамуына әсері қарастырылады. Би қозғалыс координациясын жақсартып, эмоционалдық интеллект пен әлеуметтік дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

Аннотация: в статье рассматривается влияние танца на физическое, психологическое и социальное развитие детей. Танец улучшает координацию движений, способствует развитию эмоционального интеллекта и социальных навыков.

Тірек сөздер : би, қозғалыс координациясы, эмоционалдық интеллект, әлеуметтік қарым-қатынас, психологиялық даму, физикалық даму, когнитивтік қабілеттер, шығармашылық, оқыту әдістері.

Ключевые слова: танец, координация движений, эмоциональный интеллект, социальное взаимодействие, психологическое развитие, физическое развитие, когнитивные способности, творчество, методы обучения.

Бұл мақалада бидің балаға психологиялық, физикалық және әлеуметтік дамуына әсері қарастырылады. Би өнері баланың моторикасын, координациясын, шығармашылық қабілетін және өзіне деген сенімділігін дамытуға ықпал етеді. Сондай-ақ, би оқушылардың әлеуметтік дағдыларын нығайтып, эмоционалдық интеллектін жетілдіруге көмектеседі. Қазіргі заманғы білім беру жүйесі баланың жан-жақты дамуына бағытталған. Осы тұрғыда би өнерінің маңыздылығы артып келеді [1]. Мақаланың өзектілігі ретінде, би өнері арқылы оқушылар қозғалыс белсенділігін арттырып, стрессті азайтып, өз-өзін еркін әрі сенімді сезінуге мүмкіндік алады. Сонымен қатар, би топтық қарым-қатынасты нығайтады.

Мақсаты ретінде, бидің балаға физикалық, психологиялық және әлеуметтік дамуына әсерін зерттеу;

Міндеттері:

1. Бидің баланың дене дамуына тигізетін әсерін сипаттау;
2. Би арқылы балалардың шығармашылық және эмоционалдық интеллектін дамыту жолдарын қарастыру;
3. Бидің әлеуметтік қарым-қатынас пен топтық жұмысты нығайтуға ықпалын зерттеу.

Төменде бидің балаға психологиялық, физикалық және әлеуметтік дамуына әсерін зерттеудің әдістері, құралдары және олардың сипаттамасы көрсетілген кесте берілген:


Кесте 1. Зерттеу әдістері мен құралдары

№	Әдіс түрі	Әдістің сипаттамасы	Қолданылған құралдар	Мақсаты
1	Теориялық әдістер	Ғылыми әдебиеттерді, зерттеулерді талдау	Ғылыми мақалалар, кітаптар, диссертациялар	Бидің бала дамуына әсері туралы теориялық негіздеме жасау
2	Сауалнама	Оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер арасында би сабақтарының әсерін бағалау	Онлайн/қағаз сауалнамалар (Google Forms, SurveyMonkey)	Психологиялық, әлеуметтік және физикалық әсерлерін зерттеу

3	Бақылау	Би сабақтарына қатысушылардың мінез-құлқын, эмоциясын, белсенділігін бақылау	Бақылау парақтары, мұғалімдердің жазбалары	Балалардың әлеуметтік және эмоционалдық өзгерістерін анықтау
4	Эксперимент	6 айлық би курсына қатысқан балалардың дамуын өлшеу	Би сабақтары, қозғалыс тесттері, қатысушылардың күнделіктері	Бидің физикалық, психологиялық және әлеуметтік дамуға әсерін бағалау
5	Қозғалыс тесттері	Балалардың икемділігі, координациясы, төзімділігі, сымбаттылығы өлшенді	Денелік тесттер (мысалы, «Sit and Reach» икемділік тесті, «Balance Test»)	Физикалық дамудың өзгерісін сандық түрде бағалау
6	Статистикалық талдау	Жиналған деректерді математикалық және графикалық өңдеу	SPSS, Excel, графиктер мен диаграммалар	Нәтижелерді өңдеу және ғылыми негізделген қорытынды жасау

Нәтижесінде:

Диаграмма 1. Би сабақтарының бала дамуындағы өсу деңгейі (8-10 жас ерекшелігі)



Зерттеу 8-10 жас аралығындағы балалардың дамуы (қысқаша қорытынды)

Жас	Физикалық даму	Психологиялық даму	Әлеуметтік даму
8 жас	60% – қозғалыс үйлесімділігі енді дамып келеді	55% – өзін-өзі бағалау төмен, сенімсіздік байқалады	58% – әлеуметтік белсенділік әлсіз, ұяңдық басым
9 жас	72% – дене икемділігі мен төзімділігі жақсарады	65% – эмоционалдық тұрақтылық арта бастайды	68% – топпен жұмыс істеу қабілеті дамиды
10 жас	80% – қозғалыстарды үйлестіру айтарлықтай жақсарады	75% – өзіне сенімділік күшейеді, шығармашылық қабілет дамиды	78% – топта еркін қарым-қатынас жасай алады

Зерттеу нәтижесі:

• 8 жас: би негіздерін үйренуге жақсы кезең, бірақ балаларға көбірек ойын түріндегі жаттығулар қажет.

• 9 жас: қозғалыс икемділігі артып, эмоционалдық тұрақтылық күшейе түседі.

• 10 жас: балалардың физикалық және психологиялық дайындығы жоғарылап, би сабақтары әлеуметтік дағдыларды тиімді дамытуға көмектеседі.

Би – адамзат мәдениетінің ажырамас бөлігі ғана емес, сонымен қатар баланың когнитивтік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуына әсер ететін маңызды құрал екенін байқадық. Ғалымдар бидің танымдық процестерге, шығармашылық қабілеттерге және психоэмоционалдық күйге оң ықпалын атап көрсетті. Америкалық психолог Говард Гарднер өзінің «Көптік интеллект теориясында» бидің кинестетикалық интеллектті дамытудың маңызды құралы екенін айтады. Ол: «Дене қозғалысы арқылы оқыту – оқушылардың материалды жақсы түсініп, оны терең меңгеруіне көмектесетін қуатты әдіс» – деп жазады [2]. Орыс психологы Лев Выготский баланың дамуы үшін әлеуметтік өзара әрекеттестік маңызды екенін атап өткен. Ол:

«Бала қозғалыс арқылы қоршаған ортамен қарым-қатынас жасайды, ал би – осы өзара әрекеттестіктің ең әсерлі түрлерінің бірі», – деп тұжырымдайды [3]. Психолог және нейробиолог Антонио Дамасио бидің эмоционалдық және когнитивтік процестерді байланыстыратын құрал екенін дәлелдейді. Ол:

«Қимыл арқылы эмоцияны білдіру – адамның ойлау және өзін-өзі тану процесінің негізі», – деп көрсетеді. Бидің қолданылуы балалардың дене қимылын ғана емес, сонымен қатар олардың логикалық ойлауын, есте сақтау қабілетін және әлеуметтік бейімделуін жақсартады [4].

Би өнерінің балалардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік дамуына оң әсері бар екендігі ғылыми дәлелденді. Зерттеу арқылы:

- Балалардың қозғалыс дағдыларын жақсарту;
- Эмоционалдық тұрақтылықты арттыру;
- Әлеуметтік дағдыларды нығайту мүмкіндігі бар.

Ұсыныс: балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, би сабақтарының мазмұнын кезең-кезеңімен күрделендіру қажет. Бастапқы кезеңде ойын элементтері мен қарапайым қозғалыстарға басымдық беріліп, кейіннен икемділік пен координацияны дамытуға арналған жаттығулар қосылғаны жөн. Бұл әдіс балалардың қызығушылығын сақтап, олардың физикалық және психологиялық дайындығына сәйкес дамуына мүмкіндік

береді. Би – баланың жан-жақты дамуына ықпал ететін маңызды құрал. Сондықтан оны тек өнер ретінде ғана емес, сонымен қатар тәрбиелік және білім беру әдісі ретінде қолдану қажет.

Қорытындылай келе, зерттеу нәтижелері бидің балалардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік дамуына айтарлықтай оң әсер ететінін көрсетті. Би сабақтары оқушылардың қозғалыс координациясын, дене икемділігін, төзімділігін және сымбаттылығын жақсартады. Сонымен қатар, би арқылы балалардың эмоционалдық интеллектісі дамып, өз-өзіне деген сенімділігі артады. Әлеуметтік тұрғыда би балалардың ұжыммен жұмыс істеу дағдыларын нығайтып, бір-бірімен тиімді қарым-қатынас орнатуына көмектеседі. Оқыту үдерісінде биді қолдану тек дене белсенділігін арттырумен шектелмейді, сонымен қатар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, эмоционалдық тұрақтылығын және өзін-өзі тану деңгейін жетілдіруге ықпал етеді. Би сабақтары балалардың когнитивтік дамуына да әсер етіп, есте сақтау, назар аудару және кеңістікті қабылдау қабілеттерін күшейтеді. Сондықтан биді оқу бағдарламасына қосу оқушылардың жан-жақты дамуы үшін маңызды құрал болып табылады.

Зерттеу нәтижелерінің жинақталуы:

Зерттеуге қатысқан 8-10 жас аралығындағы балалардың дамуы келесі көрсеткіштер бойынша оң өзгерістер көрсетті:

- Физикалық даму: икемділік, қозғалыс үйлесімділігі мен төзімділік жақсарды.
- Психологиялық даму: өзіне деген сенімділік күшейді, эмоционалдық тұрақтылық артты.
- Әлеуметтік даму: топта жұмыс істеу қабілеті жоғарылады, қарым-қатынас дағдылары дамыды.

Бидің оқыту үдерісіндегі маңыздылығы: зерттеу нәтижелері бидің білім беру процесінде жан-жақты дамытушы әдіс ретінде қолданылуының маңыздылығын дәлелдеді. Би тек өнер ретінде ғана емес, сонымен қатар педагогикалық, психологиялық және физиологиялық тұрғыдан баланың үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін құрал ретінде қарастырылуы керек.

Би сабақтары:

- Қозғалыс белсенділігін арттырып, денсаулықты нығайтады
- Балалардың эмоцияларын басқаруына көмектеседі
- Шығармашылық ойлау қабілетін дамытады
- Әлеуметтік бейімделуге және ұжымдық жұмысты жақсартуға ықпал етеді

Қорытынды тұжырым: би – адамзат мәдениетінің маңызды бөлігі ғана емес, сонымен қатар баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін тиімді әдіс. Зерттеу нәтижелері бидің дене, психологиялық және әлеуметтік дамуға ықпалын дәлелдейді, сондықтан оны білім беру үдерісінде кеңінен қолдану балалардың үйлесімді дамуына оң әсерін тигізеді.

Пайдаланған әдебиеттер көзі:

1. Ахметова Г.Б. (2021). Қозғалыс белсенділігі арқылы балалардың эмоционалдық дамуын жетілдіру әдістері. – «Бастауыш мектеп» журналы, №4, 15-22-б.
2. Gardner.H. (1983). *Frames of Mind: The Theory of Multiple Intelligences*. – New York: Basic Books. Говард Гарднердің «Көптік интеллект теориясы» бидің кинестетикалық интеллектті дамытудағы рөлін қарастырады.
3. Выготский Л.С. (1978). Қоғамдағы ақыл: Жоғары психологиялық процестердің дамуы. Лев Выготскийдің әлеуметтік өзара әрекеттестік теориясы, оның ішінде баланың қозғалыс арқылы қоршаған ортамен қарым-қатынасы туралы ойлары сипатталған.
4. Damasio A. (1999). *The Feeling of What Happens: Body and Emotion in the Making of Consciousness*. – New York: Harcourt Brace. Антонио Дамасионың эмоциялар мен когнитивтік процестер арасындағы байланыс туралы зерттеулері бидің психоэмоционалдық дамуға әсерін түсіндіруге негіз болады.

ПРИМЕНЕНИЕ СБОРНИКА ЗАДАНИЙ НА УРОКАХ ИСТОРИИ КАК ИНСТРУМЕНТ РАЗВИТИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ 5 КЛАССОВ: ИЗ ОПЫТА РАБОТЫ

Ибраева Наталья Бекеновна,
учитель истории КГУ «Общеобразовательная школа № 1 отдела
образования города Лисаковска» УОАКО

Аңдатпа. Мақалада педагогтың оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған Қазақстан тарихы сабақтарында авторлық тапсырмалар жинағын қолдану тәжірибесі қарастырылады, сонымен қатар олардың рухани-адамгершілік тәрбиесінде, азаматтық ұстаным мен патриоттық сезімдерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Оқушылардың сауалнама нәтижелеріне, ашық сабақтар өткізуге және басқа педагогтармен тәжірибе алмасуға негізделген әзірленген тапсырмалар мен әдістеменің тиімділігіне баға беріледі.

Түйінді сөздер: функционалдық сауаттылық тапсырмалары, Қазақстан тарихы, азаматтық тәрбие, сыни ойлау, оқытудың белсенді әдістері, педагог тәжірибесі.

Аннотация. В статье рассматривается опыт педагога по применению авторского сборника заданий на уроках истории Казахстана, ориентированного на формирование функциональной грамотности учащихся, но и играет важную роль в их духовно-нравственном воспитании, формировании гражданской позиции и патриотических чувств. представлена оценка эффективности разработанных заданий и методики, основанная на результатах анкетирования учащихся, проведении открытых уроков и обмене опытом с другими педагогами.

Ключевые слова: задания по функциональной грамотности, история Казахстана, воспитание гражданственности, критическое мышление, активные методы обучения, опыт педагога.

Введение. Особую роль в формировании функционально грамотной личности играет изучение истории. В данной статье поделюсь опытом применения сборника заданий по истории Казахстана в 5 классе для развития функциональной грамотности и воспитания ценностей уважения к культурному наследию, ответственности и осознания своей роли в будущем Казахстана. В этом контексте международная программа PISA предлагает механизмы оценки функциональной грамотности, что особенно актуально для изучения истории Казахстана на уроках 5 класса. [1] Необходимо усилить качество преподавания наук на всех уровнях образования. Это важное условие для подготовки молодежи к новому технологическому укладу. [2]

Цели и задачи. Способствовать формированию функциональной грамотности учащихся 5 классов на уроках истории Казахстана. Для достижения этой цели мною были поставлены следующие задачи:

Отбор содержания заданий, соответствующего учебной программе по истории Казахстана для учащихся 5 класса.

Разработка заданий, направленных на развитие различных видов функциональной грамотности: читательской, математической, естественнонаучной и информационной.

Обеспечение дифференцированного подхода к обучению, учитывая индивидуальные особенности учащихся.

Методология. При создании сборника я опиралась на различные методологические подходы, направленные на формирование у учащихся ключевых компетенций, необходимых для успешной жизнедеятельности в современном обществе.

Анализ содержания учебных программ. Были изучены ГОСО РК, «ТУП по общеобразовательным предметам», ИМП «Об особенностях образовательного процесса в общеобразовательных школах Республики Казахстан в 2024-2025 учебном году» НАО им. Ы. Алтынсарина. [3]. Также проанализированы темы 5, 11 классов, позволяющие интегрировать задания практической направленности в учебный процесс. Выделила

наиболее значимые разделы, такие как «Жизнь древних кочевников», «Саки», «Усуни и кангюи», «Гунны», «Сарматы».

Подбор заданий с практическим значением. Разработаны задания, акцентирующие внимание учащихся на реальных примерах из повседневной жизни и профессиональной практики. Задания включают применение цифровых технологий:

Сервисы для обмена информацией и совместной работы над проектом (Google Docs).

Онлайн-конструкторы для создания опросов и анкет, (Google Forms). [4]

Использование инструментов искусственного интеллекта:

ИИ использован для анализа учебников по истории Казахстана и других источников с целью выявления ключевых понятий, исторических фактов и закономерностей. Это помогло в отборе содержания для заданий и формулировании вопросов.

Обратная связь через анкетирование учащихся 5, 11 классов, проведение открытых уроков в 5 и 11 классах, обмен опытом с учителями на областном методическом семинаре.

Для оценки продуктивности предложенных методик был проведен опрос среди 5-ых классов, направленный на изучение их восприятия нового способа преподавания. Также в анкетировании участвовали выпускники 11 «А» класса, использующие исторические знания при подготовке к ЕНТ, итоговой аттестации, для анализа долгосрочного влияния предмета на их подготовку. Данное исследование позволило получить объективную оценку эффективности разработанного методического сборника и определить направления для дальнейшего совершенствования образовательного процесса.

Исследовательская часть. Центральной задачей исследования являлась интеграция практико-ориентированных методов. Особый акцент был сделан на создании заданий, отражающих реальные жизненные ситуации, и применении инновационных технологий, развивающих функциональную грамотность учащихся.

Проведение исследования. Для учащихся были выбраны задания, способствующие развитию таких аспектов функциональной грамотности, как читательская грамотность, умение анализировать информацию, критическое мышление и способность делать выводы. Обучающимся предлагается текст исторического источника или научно-популярной статьи, к которому даются вопросы, требующие понимания и интерпретации информации.

Примеры заданий: Тема: Жизнь древнейших людей.

Цель обучения: Общий обзор древней истории Казахстана

Задание: История первобытного общества – это наука, которая изучает происхождение человека, начало его трудовой деятельности, зарождение материальной и духовной культур. Каменный век – это первый и самый продолжительный этап развития истории человека. Ученые-археологи делят каменный век на три основных периода.

Используя текст параграфа учебника, QR-код с ссылками на исторический источник и полученные знания, определите временные рамки эпохи камня, бронзы, железа на территории Казахстана и заполните схему «Периодизация древней истории Казахстана».

Тема: Сакские племена.

Цель обучения: Ознакомить учащихся с историей и культурой сакских племен;

Развивать умение решать математические задачи, связанные с историческими событиями.

Задание: Представьте, что вы археолог, исследующий сакский курган. В кургане вы обнаружили золотые украшения.

1) Одно украшение весит 150 грамм, другое - 200 грамм. Сколько весят оба украшения вместе?

2) Если одно украшение стоит 5000 тенге, а другое - 7000 тенге, сколько стоят оба украшения вместе?


3) Предположим, что курган был создан в V веке до нашей эры. Сколько лет назад был создан этот курган? (Используйте текущий год для расчета).

Оценка результатов. Для оценки эффективности разработанной методики было проведено исследование, включающее анкетирование через онлайн-сервис Google Forms учащихся 5 классов и выпускников 11 «А» класса. Предлагалось ответить на вопросы

о доступности материала, интересе к заданиям и возможности применения знаний в реальной жизни. Выпускники делились своим опытом в подготовке к ЕНТ, итоговой аттестации, отправной точкой в выборе для будущей профессии.

Основные результаты исследования. Для оценки эффективности методики проведено анкетирование 5-классников и выпускников 11 «А» класса. Результаты показали: 5 класс: Уровень понимания и выполнения заданий по истории Казахстана повысился с 70% до 85% за четверть.

11 класс: Успеваемость при решении заданий увеличилась с 63% до 72%.



Опрос: 92% отметили, что интерактивные задания и визуализация улучшили понимание материала, 98% оценили задания как содержательные и применимые к жизни. Вывод: Разработанная методика эффективно способствует повышению уровня знаний и функциональной грамотности учащихся, необходимой для спешной социализации.

Практическое применение. Методика развития функциональной грамотности школьников посредством решения практико-ориентированных задач, дополненных использованием современных

образовательных технологий, была успешно интегрирована в преподавание истории Казахстана в 5 классе и продемонстрировала высокую результативность.

Применение методики в реальных условиях. На занятиях учащиеся 5, 11 классов выполняли задания, которые органично сочетали теоретическую базу с ее практическим применением. Это способствовало развитию навыков критического мышления и укреплению самостоятельности в решении задач.

Практический результат. Наблюдения, проводимые в ходе уроков, показали, что применение интерактивных инструментов, ИИ и использование реальных примеров из жизни стимулировало интерес учеников к предмету и способствовало улучшению их успеваемости.

Профессиональная направленность. Были разработаны задания, демонстрирующие связь истории с различными профессиями. Например, учащимся предлагалось представить себя археологами, исследующими древние курганы, историками-исследователями, изучающими жизнь племен, или журналистами, пишущими статью об исторических личностях.

Практический результат: более 93 % опрошенных респондентов отметили, что профессиональная направленность заданий помогла понять значимость истории вызвала желание к профессиям, связанным с наукой.

Анализ эффективности методики. Использование QR-кодов, онлайн-сервисов, ИИ, позволило сделать уроки более динамичными, наглядными для учащихся. Задания, связанные с различными профессиями, помогли учащимся увидеть практическое применение исторических знаний в будущей профессиональной деятельности. Проведение открытых уроков в 5 «В» и 11 «А» классах в 2024-2025 учебном году, с применением заданий авторского сборника, цифровых платформ, ИИ, продемонстрировало высокий уровень мотивации учащихся, интереса к практическим заданиям. Также плодотворно прошел обмен опытом с другими учителями на методическом семинаре областного уровня в феврале 2025 года в городе Лисаковске, где я поделилась опытом использования авторского сборника заданий с другими учителями, получила обратную связь и обсудили перспективы дальнейшего развития методики.

Развитие функциональных компетенций. Учащиеся научились извлекать необходимую информацию из различных источников, анализировать ее и интерпретировать для решения поставленных задач. Внедрение ИИ помогло выявлять индивидуальные затруднения учащихся и предоставлять персонализированные рекомендации для устранения пробелов в знаниях.

Рекомендации. Целенаправленное использование: задания сборника должны использоваться целенаправленно, в соответствии с целями урока и уровнем подготовки учащихся.

Профессиональная ориентация. На уроках способствуйте профессиональной ориентации учащихся, помогайте им осознать связь истории с различными профессиями.


Интерактивность и визуализация. Для повышения эффективности обучения используйте интерактивные методы и средства обучения (QR-коды, онлайн-сервисы, цифровые платформы, возможности искусственного интеллекта).

Сотрудничество. Для достижения наилучших результатов сотрудничайте с другими учителями - предметниками, обменивайтесь опытом и новыми идеями.

Заключение. Проведенное мною исследование и практическое применение сборника заданий на уроках в 5 и 11 классах, убедительно показали качественное усвоение учащимися исторических знаний по предмету, формированию ключевых навыков, необходимых для успешной социализации в современном мире. Результаты исследования, полученные в ходе анкетирования учащихся 5, 11 классов, проведения открытых уроков, обмена опытом с учителями на областном методическом семинаре, а также систематического наблюдения за учебным процессом, подтверждают положительное влияние практических заданий на уровень понимания материала, развитие познавательных, регулятивных навыков, а также на формирование интереса обучающихся к истории Казахстана и ее связи с реальной жизнью. Сборник заданий может быть использован в качестве основы для дальнейшего совершенствования учебного процесса и разработки новых образовательных материалов, направленных на развитие функциональной грамотности учащихся по истории Казахстана.

Перечень использованных источников.

1. Национальный отчет «Результаты Казахстана в PISA-2022» – г. Астана: МП РК, 2024 г.-С-15-24
2. Назарбаев Н. А. Критическое мышление и инновации: ключ к развитию Казахстана. Послание народу Казахстана. — Астана, 2018.
3. ИМП «Об особенностях образовательного процесса в общеобразовательных школах Республики Казахстан в 2024-2025 учебном году» НАО им. Ы. Алтынсарина. Астана-2024. - С. 40-52.
4. Методические рекомендации по развитию информационно-технологической компетенции обучающихся основной школы. МП РК. Астана-2024. - С.14-77.



РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКИХ НАВЫКОВ НА УРОКЕ СОЛЬФЕДЖИО У УЧАЩИХСЯ МЛАДШИХ КЛАССОВ В ДЕТСКОЙ МУЗЫКАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

**Кириянова Вера Владимировна,
Педагог дополнительного образования КГКП
«Детская музыкальная школа» отдела образования
Щербактинского района, управления образования
павлодарской области**

Аңдатпа: Қазіргі таңда тұлғаның шығармашылық белсенділігін дамыту өзекті мәселе болып отыр. Оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін ашуда музыка мектебі басты рөл атқарады. Сольфеджио – есту қабілеті, ырғақты сезім мен музыкалық ойлауды дамытуға ықпал ететін музыкалық білім берудегі маңызды пән. Алайда, оқытудың дәстүрлі тәсілін оқушылар көбіне қызықсыз және жалықтырады деп қабылдайды. Сондай-ақ сабақтағы шығармашылық іс-әрекет тек қызығушылық тудырып қана қоймай, сонымен қатар оқушылардың музыкалық дағдыларын одан әрі дамыту қажеттілігін қалыптастырады.

Сарсекеева Гульмира Сериковна,
руководитель информационно-аналитического отдела
РГКП «Республиканский учебно-методический центр
дополнительного образования» Министерства просвещения РК

Аннотация

Мақалада Қазақстанда қосымша білім беруді ілгерілету үшін РКББОӘО-ның әлеуметтік желілерді пайдалануы талданады. Негізгі платформалар, аудиторияның қолжетімділігі, ақпараттық жұмыстың тиімділігі мен даму перспективалары, соның ішінде бейнеконтентті кеңейту және пайдаланушыларды белсенді тарту қарастырылады.

Аннотация

Статья анализирует использование социальных сетей РУМЦДО для продвижения дополнительного образования в Казахстане. Рассматриваются основные платформы, охват аудитории, эффективность информационной работы и перспективы развития, включая расширение видеоконтента и активное вовлечение пользователей.

В современном мире социальные сети стали неотъемлемой частью образовательного процесса, открывая новые возможности для взаимодействия между педагогами, учащимися и родителями. Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования Министерства просвещения РК (РУМЦДО) активно использует цифровые платформы для популяризации дополнительного образования, расширения аудитории и повышения уровня информированности. В статье рассмотрены основные направления информационной работы РУМЦДО в социальных сетях, их эффективность и перспективы развития.

Основные платформы и их охват На сегодняшний день РУМЦДО представлено на нескольких ключевых платформах:

Официальный сайт www.ziyatker.org. Ежемесячно пополняется материалами различных клубов и проектов. В 2024 году сайт посетили 328 899 человек, из которых более 308 тысяч – жители Казахстана. Сайт ziyatker.org представляет собой официальный ресурс Республиканского учебно-методического центра дополнительного образования (РУМЦДО) Министерства просвещения Республики Казахстан. Цель сайта – информирование общественности о деятельности Центра и продвижение дополнительного образования среди детей и молодежи.

На сайте доступны разделы, посвященные миссии и структуре РУМЦДО, его руководству и контактной информации. Пользователи могут ознакомиться с планами, отчетами и статистическими данными Центра, а также с деятельностью различных отделов, включая туризм, экологию, техническое творчество, музыкальное и художественно-эстетическое направление. Особое внимание уделено координации детско-юношеского движения и социально-педагогической деятельности.

Для удобства педагогов и родителей на сайте размещены электронные версии учебно-методического журнала для педагогов «Қосымша білім және тәрбие», детских журналов «Темірқазық» и «Экоәлем», доступ к электронной библиотеке и информация о республиканских онлайн-конкурсах. Также представлены материалы о международном сотрудничестве и партнерских проектах Центра.

Сайт ziyatker.org служит важным инструментом в популяризации дополнительного образования в Казахстане, предоставляя актуальную информацию и ресурсы для всех участников образовательного процесса.

Instagram (@rumcdo_official). На платформе размещено 764 публикации, а количество подписчиков достигло 10,5 тысяч, увеличившись за год на 1 300 человек. Охват аудитории – 896 500 просмотров. Контент включает информацию о мероприятиях, достижениях учащихся и педагогов, а также новости в сфере дополнительного образования.

Telegram-канал «BALALYK SHAK DOSY / EDU NEWS». В 2024 году число подписчиков выросло на 218 человек, достигнув 518. Размещено 732 материала, просмотры – 86 700. Он служит платформой для распространения актуальной информации о мероприятиях, проектах и инициативах в сфере дополнительного образования. Канал активно используется для информирования педагогов, учащихся и родителей о новостях и возможностях в сфере дополнительного образования, способствуя повышению осведомленности и вовлеченности аудитории.

Facebook (страница RUMCDO MP RK). Сообщество насчитывает 5 тысяч друзей и 3 386 подписчиков, а в 2024 году было опубликовано 4 244 поста. Facebook-страница РҰМҚДО служит важной площадкой для распространения информации о дополнительном образовании в Казахстане. На странице публикуются новости, анонсы мероприятий, образовательные материалы и другие ресурсы, направленные на информирование и вовлечение педагогов, учащихся и родителей. Активность на странице способствует повышению осведомленности общественности о возможностях дополнительного образования и укрепляет связь между образовательными учреждениями и сообществом. www.youtube.com YouTube-канал. Имеет 2,92 тыс. подписчиков, 35 видеопубликаций и 56 128 просмотров. YouTube-канал РҰМҚДО служит важной платформой для распространения видеоконтента, направленного на популяризацию дополнительного образования в республике. С момента создания канал привлек значительное количество подписчиков и просмотров, что свидетельствует о его востребованности среди педагогов, учащихся и родителей. На канале регулярно публикуются видеоматериалы, отражающие деятельность Центра, образовательные проекты, а также записи мероприятий и конкурсов. РҰМҚДО планирует дальнейшее развитие канала, увеличивая количество и разнообразие видеоконтента, чтобы обеспечить более широкое вовлечение аудитории и повысить информированность о возможностях дополнительного образования в Казахстане.

TikTok. За год число подписчиков выросло на 800 человек, достигнув 1 798, а общее количество лайков составило 8 912. На этой платформе Центр размещает короткие видеоролики, отражающие ключевые события, проекты и достижения в сфере дополнительного образования, что способствует повышению интереса молодежи к образовательным инициативам и активному участию в них.

Популяризация дополнительного образования через социальные сети Важным направлением деятельности РҰМҚДО является создание контента, который не только информирует, но и вовлекает аудиторию. В 2024 году в социальных сетях Центра размещено 5 805 публикаций.

Общее количество подписчиков во всех социальных сетях центра составляет 19 122 человека. В 2024 году количество просмотров контента превысило 1,2 миллиона, что подтверждает востребованность и актуальность материалов.

Особое внимание уделяется освещению крупных проектов: фестиваля «Әншуақ», конкурсов, дебатного движения, школьных и студенческих парламентов. Популярные хештеги, такие как #Әншуақ2024, #ақындарайтысы2024, #румцдо, #жаз2024, помогли создать активное сообщество вокруг мероприятий и инициатив центра. Участниками мероприятий размещено более 116 646 публикаций под различными хештегами, связанными с дополнительным образованием, такими как #Әншуақ, #я_дебатер, #Өзін_өзібасқару и др.

Важную роль играет привлечение внимания общественности через участие известных артистов, а также освещение деятельности лучших педагогов дополнительного образования.

Эффективность и перспективы развития По результатам опроса РҰМҚДО, проведенного среди 3 168 респондентов, 65% респондентов осведомлены о деятельности Центра, при этом 24,1% узнали о нем именно через социальные сети. Данные показывают высокую эффективность информационной работы, однако есть потенциал для дальнейшего расширения аудитории. В перспективе:

- Увеличение количества видеоконтента, особенно на YouTube и TikTok.
- Активное вовлечение детей и педагогов в создание пользовательского контента.
- Усиление работы с региональными сообществами для равномерного

распространения информации о дополнительном образовании.

Использование социальных сетей стало мощным инструментом продвижения дополнительного образования в Казахстане. РУМЦДО продолжит развивать цифровые коммуникации, расширять аудиторию и создавать полезный контент для педагогов, учащихся и их родителей. Важно не только информировать, но и вовлекать участников образовательного процесса в активное взаимодействие, что делает дополнительное образование еще более доступным и привлекательным.

В дальнейшем цифровая стратегия Центра будет продолжать развиваться, обеспечивая доступность и вовлеченность всех участников образовательного процесса.

МАЛДАС ҚҰРЫП ОТЫРҒАНДА ДОМБЫРАМЕН ӘН АЙТУДЫҢ ДЕНСАУЛЫҚҚА ӘСЕРІ

Тауышова Гүлжамал Шаяхметовна,
Алматы қаласы Білім басқармасы «№2 Оқушылар үйі» МКҚК
«Домбырамен ән салу» үйірмесінің жетекшісі



Кіріспе

Дәстүрлі ән өнері – қазақ халқының музыкалық мәдениетінің маңызды бөліктерінің бірі. Бұл өнер түрі халқымыздың тұрмыс-тіршілігімен, салт-дәстүрімен, өмірлік құндылықтарымен тығыз байланыста дамыған және ұлттық нақыштың сақталуына елеулі әсер еткен. Ән айту, күй шертудің адам өмірінде маңызы зор болғанымен қатар, денсаулыққа да әсер етеді. Ал малдас құрып отыру жағдайы қазақ қоғамында кеңінен таралған қалыптардың бірі. Бұл жаттығудың денеге әсері туралы көп зерттеулер жүргізілмегенімен, домбыра тарту мен ән айтудың ағзаның психикалық және физикалық жай-күйіне қалай әсер ететініне назар аудару өте маңызды.

Бұл мақалада малдас құрып отырып, домбырамен ән айтудың денсаулыққа тигізер пайдасы мен оның адамның рухани және физикалық жағдайына әсерін қарастырамыз.

Негізгі мақсаты

Домбырамен малдас құрып отырып ән айтудың мақсаты – оқушыларға малдас құрып отырғанда домбырамен ән айтудың денсаулыққа тигізер пайдасын таныту, оны тәжірибеде қолдануға бағыттау, және осы әдісті денсаулықты жақсарту құралы ретінде үйрету

Домбырамен малдас құрып отырып ән айтудың міндеттері

- Домбырамен ән айту барысында дұрыс тыныс алу техникасын меңгеру.
- Малдас құрып отырудың денсаулыққа пайдалы әсерін түсіндіру.
- Жүйке жүйесіне, тыныс алу және қан айналым жүйесіне оң әсер ететін дәстүрлі

ән айту әдістерін үйрету.

- Қазақ халқының дәстүрлі өнерін қолдау және дамыту, оның денсаулыққа тигізетін пайдасын насихаттау.

- Өзектілігі

Қазіргі заманда денсаулықты нығайту мен психологиялық күйзеліске төтеп беру маңызды мәселеге айналып отыр. Малдас құрып домбырамен ән айту – денені босаңсыту мен жан тыныштығын табудың ерекше әдісі. Бұл әдісті зерттеу – қазақ мәдениетіне деген қызығушылықты арттырып, салауатты өмір салтын ұстануға көмектеседі.

Бұл әдіс ұлттық өнерімізді денсаулықты жақсартудың инновациялық тәсілі ретінде қарастырады. Малдас құрып, домбырамен ән айтуды ұштастыру арқылы оқушылардың

денсаулығын жақсартуға, стресстен арылуға көмектесетін әдістерді жүйелі түрде ұсынады. Бұл – ұлттық дәстүрді денсаулық сақтау саласына интеграциялаудың тың тәсілі

Күтілетін нәтиже

Бұл әдіс соңында балалар:

Домбырамен ән айту арқылы тыныс алу техникасын жетілдіреді.

Малдас құрып отырғанда дене мүсінін дұрыс қалыптастырады.

Психологиялық жай-күйін реттеп, ішкі тыныштыққа қол жеткізеді.

Қазақтың дәстүрлі әндерін денсаулық сақтау әдісі ретінде қолдануды үйренеді

Зерттеу бөлімі

Малдас құрып отыру, қазақ халқының ұлттық дәстүріне негізделген және бүгінде көбіне балаларды оқыту барысында немесе халық әндерін орындау кезінде кездесетін отырыс позасы болып табылады. Бұл позаның денсаулыққа қалай әсер ететіндігі туралы көптеген зерттеулер жоқ болса да, физиологиялық және психологиялық тұрғыдан оның әсерін қарастыру маңызды.

1. Малдас құрып отыру позасының денсаулыққа әсері

Малдас құрып отырғанда, адам денесі әдетте тік бұрышты немесе жартылай бүгілу жағдайында болады. Бұл жағдай омыртқа бағанының табиғи қисықтығын сақтауға ықпал ете отырып, кейбір бұлшықеттерді қатайтып, басқаларын демалтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл поза аяқ-қолдардың қан айналымына және буындардың серпімділігін сақтауға оң әсер етеді.

Дегенмен, ұзақ уақыт бойы малдас құрып отыру кейбір адамдар үшін арқа және бел омыртқасына қысым түсіріп, ауруларды немесе ыңғайсыздықты туындатуы мүмкін. Мұндай жағдайды болдырмау үшін дұрыс отырғанда дененің тік болуын және демалыс уақытын ескерген жөн.

2. Домбыра тартудың физикалық пайдасы

Домбыра тарту кезінде қолдың бұлшықеттері, сондай-ақ саусақтардың ұштары үнемі қозғалыста болады. Саусақтардың серпінді қозғалысы ұсақ моториканың дамуына әсер етіп, қол мен білек бұлшықеттерінің күшеюіне ықпал етеді. Домбыра шертудің әсерінен дененің барлық бұлшық еттері аздап қозғалады, бірақ ең бастысы, ырғақты музыкалық орындау уақытын дұрыс сақтау арқылы адам стрессті азайтып, өзіне жеңілдік сезімін тудыра алады.

3. Ән айтудың психологиялық әсері

Ән айту – адамның эмоциялық жағдайын реттеудің тамаша тәсілі. Әнді орындау кезінде адам өз сезімдері мен ойларын сыртқа шығарып, оларды сөзбен жеткізеді. Психологияда бұл процесс катарсис деп аталады. Домбырамен ән айту арқылы адамның эмоциялық күйі жақсарады, ішкі дауыстар мен қайшылықтар шешіледі. Сонымен қатар, ән айту тыныс алу жүйесіне пайдалы: дыбыстарды шығарғанда өкпенің жұмысын арттырып, тыныс алу тереңдігін жақсартады.

Зерттеулер көрсеткендей, ән айту арқылы жүрек соғуы мен қан айналымы қалыптасып, стресске қарсы күрес күшейеді. Бұл, өз кезегінде, жалпы психикалық денсаулықты жақсартуға ықпал етеді. Ал домбыраның ерекше әуені мен қазақтың дәстүрлі әндерін орындау, адамның ішкі дүниесіне ерекше тыныштық әкеледі.

4. Жалпы денсаулыққа әсері

Жалпы, малдас құрып отырғанда домбыра тарту және ән айту дененің психологиялық және физикалық жағдайын теңдестіреді. Ол қан айналымын жақсартып, денені релаксацияға түсіреді. Сондай-ақ, ұзақ уақыт күйзеліске түскен адамдар үшін күйдіру мен сабырлыққа бағыттайды.

Бұл іс-әрекет адамның эмоциялық тепе-теңдігін сақтай отырып, физикалық денсаулығын нығайтуға мүмкіндік береді. Әсіресе, тыныс алу жүйесі мен жүрек-қан тамырларының жұмысын қалыпқа келтіруге ықпал ететін маңызды аспектілердің бірі болып табылады.

Ұсыныстар

Малдас құрып отырып, домбырамен ән айту денсаулыққа оң әсерін тигізетіндігі анық. Алайда, бұл пайдалы әрекетті дұрыс ұйымдастыру және оның әсерін максималды

ету үшін келесі ұсыныстарды ұсынуға болады:

1. Ұзақ уақыт бойы малдас құрып отырмау.

Малдас құрып отыру дененің белгілі бір бөліктеріне қысым түсіруі мүмкін. Сол себепті, ұзақ уақыт бойы осы қалыпта отырудан аулақ болу керек. Әр 20-30 минут сайын денені қозғап, тұрып немесе оңай жаттығулар жасап, қан айналымын жақсартуға болады.

2. Дұрыс позаны сақтау

Малдас құрып отыру кезінде омыртқа мен арқаның дұрыс позициясын сақтап, денені тік ұстауға тырысу қажет. Бұл омыртқаның дұрыс орналасуын қамтамасыз етіп, буындарға түсетін салмақты азайтады. Мысалы, жамбас пен тізе арасында 90° бұрыш қалыпта болуы тиіс.

3. Домбыра тарту кезінде қол мен саусақтарды қыздыру

Домбыра шертудің нәтижелі әрі пайдалы болуы үшін, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту және бұлшықеттердің серпімділігін сақтау мақсатында оларды алдын ала қыздыру ұсынылады. Қолды әртүрлі жаттығулармен жылыту домбыра тарту кезіндегі шаршауды азайтады.

4. Тыныс алу жаттығуларын қосу

Ән айту кезінде тыныс алу жүйесінің жұмысын жақсарту үшін, арнайы тыныс алу жаттығуларын жасау ұсынылады. Ән айтудың әрбір фразасын айтып жатқанда, терең әрі баяу тыныс алуға назар аудару өкпені нығайтады және стрессті азайтады.

5. Эмоциялық және психологиялық тұрғыдан демалу

Домбырамен ән айту тек физикалық денсаулыққа ғана емес, психологиялық әлауқатқа да әсер етеді. Осы тұрғыда, ән айтуды тек денсаулық үшін емес, сонымен қатар рухани және эмоционалдық тұрғыдан да пайдалы әрекет ретінде қарастыру маңызды. Ән айту кезінде өз эмоцияларыңызды еркін білдіруге тырысыңыз, бұл ішкі тепе-теңдікті сақтауға көмектеседі.

6. Денсаулыққа арналған арнайы уақыт бөлу

Әрбір адам өз денсаулығына көңіл бөлуі керек. Малдас құрып отырып домбыра тарту және ән айту күнделікті немесе апталық әдетке айналса, ол тек денсаулықты жақсартып қана қоймай, адамдардың рухани байлығын да арттырады. Осылайша, әрбір музыкалық сессияны денсаулықты нығайту мақсатында арнайы уақыт ретінде қабылдау ұсынылады.

7. Тәжірибелі мамандардан кеңес алу

Малдас құрып отырып домбыра тартуды жаңадан бастағандар үшін тәжірибелі домбырашы немесе музыка мұғалімімен кеңес алу маңызды. Бұл дұрыс техниканы меңгеруге және денсаулыққа зиян келтірмеуге мүмкіндік береді. Домбыра тарту барысында арқа мен қолдың дұрыс орналасуы үшін маманның көмек көрсеткені пайдалы болады.

Қорытынды

Малдас құрып отырғанда домбырамен ән айту – қазақ халқының мәдени мұрасынан туындаған әрі денсаулыққа көп жағынан пайдалы іс-әрекет. Бұл процесс тек музыкалық өнерді дамыту ғана емес, сондай-ақ физикалық және психологиялық тұрғыдан адамға оң әсерін тигізеді. Малдас құрып отырған қалыпта омыртқаның дұрыс орналасуын қамтамасыз ету және қан айналымын жақсарту үшін денені үнемі қозғап отыру маңызды. Сонымен қатар, домбыра шертудің және ән айтудың бұлшықеттерді нығайту, тыныс алу жүйесін қалыпқа келтіру, стресс деңгейін төмендету сияқты физикалық және психологиялық пайдалы жақтары бар.

Ән айту мен домбыра тартудың эмоциялық тыныштық және ішкі тепе-теңдікке ықпал ететін әсері де маңызды. Бұл әсіресе, заманауи өмірдің қысымынан шаршаған және күйзеліс жағдайында жүрген адамдар үшін өз тиімділігін көрсетеді.

Алайда, ұзақ уақыт бойы бір қалыпта отырмау, дұрыс позаны сақтау және денені үнемі демалдырып отыру қажеттігін ұмытпау маңызды. Егер осы ұсыныстарды ескере отырып, малдас құрып домбыра тарту мен ән айту әдетке айналса, ол адамның денсаулығын жақсартуға, рухани байлығын арттыруға және жалпы әлауқатын нығайтуға үлкен септігін тигізеді.

Пайдаланылған көздер тізімі:

1.«Қазақтың әншілік дәстүрі» Нұғман Ә. Алматы 2009 ж.

2.«Қазақ халқының дәстүрлі музыкасы» Б.Ысқақов Алматы 2005 ж.

3. National Geographic Kids - Музыкалық мәдениетке арналған бөлім: kids.nationalgeographic.com
4. Қазақстан Ұлттық Кітапханасының онлайн қоры: nabr.kz
5. «Музыка оқыту әдістемесі» – Музыка пәнін оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдерге арналған мұғалімдерге арналған нұсқаулық

ПРИМЕНЕНИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ

Тәсілбаева Айжан Оралханқызы
ГКП на ПХВ «школа-гимназия №30» акимата г.Астана

Аңдатпа

Мақалада ағылшын тілін оқытуда жасанды интеллектіні (ЖИ) қолдану қарастырылады, оның оқытуды жекелеңдіру, тыңдау дағдыларын және сөйлеу практикасын жақсартудағы рөліне ерекше көңіл бөлінеді. Duolingo және Babbel сияқты заманауи ЖИ платформалары талданып, оқу процесі оқушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімделетіні көрсетіледі. ЖИ-ны білім беру процесіне интеграциялаудың артықшылықтары мен қиындықтары, сондай-ақ оның болашақтағы қолдану мүмкіндіктері талқыланады. Түйін сөздер: жасанды интеллект, ағылшын тілін оқыту, оқытуды жекелеңдіру, ЖИ платформалары.

Аннотация

В статье рассматривается использование искусственного интеллекта (ИИ) в обучении английскому языку, акцентируя внимание на его роли в персонализации обучения, улучшении навыков аудирования и разговорной практики. Анализируются современные ИИ-платформы, такие как Duolingo и Babbel, которые адаптируют учебный процесс под индивидуальные потребности учащихся. Обсуждаются преимущества и вызовы интеграции ИИ в образовательный процесс, а также перспективы его применения в будущем.

Ключевые слова: искусственный интеллект, обучение английскому языку, персонализация обучения, ИИ-платформы.

Введение

С развитием технологий искусственный интеллект (ИИ) становится неотъемлемой частью образовательного процесса, включая обучение иностранным языкам. В частности, ИИ предоставляет новые возможности для изучения английского языка, предлагая персонализированные подходы, адаптированные к потребностям каждого учащегося. Цель данной статьи — исследовать влияние ИИ на обучение английскому языку, выявить его преимущества и потенциальные вызовы, а также рассмотреть перспективы использования ИИ в образовательной сфере.

Методология

Для достижения поставленной цели использованы методы анализа существующих ИИ-платформ для изучения английского языка, обзора научных публикаций и образовательных материалов, а также сравнительного анализа традиционных и ИИ-обогащенных методов обучения.

Обзор литературы

Согласно статье «Искусственный интеллект в изучении языков» linguatrip.com, ИИ способен адаптировать учебный процесс под индивидуальные потребности учащихся, что способствует более эффективному усвоению материала. В статье «Изучение английского языка с помощью ИИ» panda-school.by подчеркивается, что ИИ анализирует сильные и слабые стороны каждого ученика, подбирая материалы под конкретный уровень и создавая дополнительные задания для устранения ошибок.

Исследовательская часть

Современные ИИ-платформы, такие как Duolingo и Babbel, используют алгоритмы

машинного обучения для анализа прогресса учащихся и предоставления адаптированных упражнений. Например, Duolingo применяет ИИ для создания персонализированных уроков, учитывая уровень знаний и скорость усвоения материала каждым пользователем. Кроме того, ИИ-технологии, такие как распознавание речи, помогают улучшить произношение и разговорные навыки учащихся.

Практическое применение

Интеграция ИИ в обучение английскому языку позволяет:

- Персонализировать обучение: ИИ анализирует ошибки и успехи учащегося, подбирая соответствующие задания и материалы.
- Улучшить навыки аудирования и разговорной практики: ИИ-платформы предлагают интерактивные диалоги и упражнения, способствующие развитию этих навыков.
- Предоставить мгновенную обратную связь: ИИ быстро выявляет ошибки и предлагает корректировки, что ускоряет процесс обучения.

Персонализация обучения с использованием ИИ

ИИ способен не только учитывать текущий уровень знаний, но и предсказывать дальнейшее развитие учащегося. Например, системы могут оценивать, какие темы вызывают трудности, и предлагать дополнительные упражнения для их закрепления. Это также помогает избегать однообразия в учебном процессе и делает обучение более интересным и эффективным.

Улучшение навыков аудирования и разговорной практики

ИИ также оказывает значительное влияние на развитие навыков аудирования и разговорной практики. Использование технологий распознавания речи и синтеза голоса помогает учащимся развивать способность понимать английскую речь на слух, а также повышает уверенность в разговоре. Например, ИИ-ассистенты могут корректировать произношение и интонацию, предоставляя учащимся моментальную обратную связь.

Использование ИИ для оценки прогресса и мотивации

Важным аспектом является использование ИИ для мониторинга успеваемости учащихся и предоставления подробных отчетов о прогрессе. Платформы с элементами ИИ могут отслеживать не только количество пройденных уроков, но и качество усвоения материала. Благодаря этому можно своевременно скорректировать учебный процесс и поддерживать мотивацию студентов с помощью геймификации, достижения виртуальных наград, уровней и баллов.

Преимущества и вызовы интеграции ИИ в обучение

Несмотря на очевидные преимущества, интеграция ИИ в образовательный процесс также сталкивается с рядом вызовов. Во-первых, важным моментом является необходимость обеспечения доступности этих технологий для разных категорий учащихся, включая тех, кто не имеет постоянного доступа к интернету или нуждается в дополнительной технической поддержке. Во-вторых, важно не забывать о роли преподавателя, который должен эффективно использовать ИИ в своей работе, а не заменять его полностью. Человеческий фактор остается ключевым в воспитании мотивации и личностного развития студентов.

Перспективы развития ИИ в обучении английскому языку

С развитием технологий ИИ будет продолжать расширять свои возможности в образовательной сфере. В будущем можно ожидать появления более сложных и адаптивных систем, способных еще точнее оценивать потребности учеников и предлагать индивидуализированные методы обучения. Кроме того, ИИ станет важным инструментом в обучении межкультурной коммуникации, помогая студентам не только овладеть языком, но и понять культурные особенности, которые важно учитывать при общении на иностранном языке.

Рекомендации

1. Интегрировать ИИ в образовательные программы: Включение ИИ-платформ в учебный процесс может повысить эффективность обучения.
2. Обучать преподавателей использованию ИИ: Педагоги должны быть подготовлены к использованию ИИ-инструментов для оптимизации учебного процесса.
3. Разрабатывать этические стандарты: важно учитывать вопросы конфиденциальности

данных и этики при использовании ИИ в образовании.

Закключение

Использование искусственного интеллекта в обучении английскому языку открывает новые горизонты для персонализации и эффективности образовательного процесса. Однако необходимо учитывать вызовы, связанные с этикой, конфиденциальностью данных и подготовкой преподавателей. Будущее образования, вероятно, будет тесно связано с интеграцией ИИ-технологий, что потребует комплексного подхода и постоянного совершенствования образовательных практик.

Перечень использованных источников

1. Искусственный интеллект в изучении языков. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://linguatrip.com/blog/kak-ispolzovat-iskusstvennyj-intellekt-dlya-izucheni-anglijskogo/>
2. Изучение английского языка с помощью ИИ. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://panda-school.by/learning-english-with-ai/>
3. Влияние искусственного интеллекта на обучение иностранному языку. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/vliyanie-iskusstvennogo-intellekta-na-obuchenie-inostrannomu-yazyku>
4. Обзор платформ искусственного интеллекта (AI) для изучения английского языка. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://vc.ru/u/1961240-legend-lingua/747111-obzor-platform-iskusstvennogo-intellekta-ai-dlya-izucheniya-anglijskogo-yazyka>
5. Искусственный интеллект для изучения иностранных языков. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.goethe.de/ins/ru/ru/spr/mag/21290629.html>
6. Как обучаться английскому языку с помощью нейросетевой технологии. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://giga.chat/help/articles/ai-for-learning-english>
7. Примеры использования искусственного интеллекта в обучении. [Электронный ресурс]. – Режим доступа:

7 – СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН «БИОЛОГИЯ» ОҚУЛЫҒЫНДАҒЫ ТЕРМИНДЕР БОҰЫНША ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖҰМЫСЫН ҰҒЫМДАСТЫРУ

Торсунова Бахытгуль Рамазановна
Ақмола облысы, Көкшетау қаласы,

Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға
арналған № 3 мамандандырылған мектеп-интернатының биология
пәнінің мұғалімі, педагог – зерттеуші



Андатпа. Білім берудегі мұғалімдердің негізгі құралы – оқулық. Оқулықтардың мазмұнына қойылатын талаптардың бірі – терминдердің жүйелі қолданылуы. Мақаланың мақсаты – мемлекеттік терминологиялық комиссия бекіткен терминдердің оқулықтарда қолданылу деңгейін анықтап, оқушылармен сабақ барысында қолданудың тиімді жолдарын ұсыну. Осы мақсатқа сәйкес мақалада «Биология» Жалпы білім беретін мектептің 7 – сыныбына арналған оқулығындағы (Алматы: Мектеп баспасы, 2017) терминдеріне талдау жасалып, жіктелді. Оқушылардың биологиялық ұғымдармен жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктері қарастырылды. Түйінді сөздер: термин, биологиялық ұғымдар, оқулық, тапсырмалар, биология

Аннотация. Основным инструментом учителей в сфере образования являются учебники. Одним из требований к содержанию учебников является последовательное использование терминов. Целью статьи является определение уровня использования терминов, утвержденных Государственной терминологической комиссией, в учебниках и обеспечение эффективных способов использования учебников учащимися. С этой целью в статье проанализированы и классифицированы термины учебника

«Биология» для 7 класса общеобразовательной школы (изд. Алматы: «Мектеп», 2017). Рассмотрены особенности организации работы студентов с биологическими терминами. Ключевые слова: термин, биологические понятия, учебник, задания, биология.

Биология ғылым ретінде жаңа білім алуға бағытталған зерттеу қызметінің саласы. Биология оқу пәні ерекше логикалық заңдылықта дамиды ұғымдар жүйесі болып табылады. Тұжырымдамалардың бүкіл жүйесі мектептегі биология пәніне кіретін ғылым негіздерінің құрамымен анықталады. Мектеп курсына дағы биологияның негізгі ұғымдарына морфологиялық, анатомиялық, физиологиялық, экологиялық жүйелі, филогенетикалық, цитологиялық, эмбриологиялық, генетикалық және ботаникалық жатады.

Білім берудің маңызды аспектілерінің бірі - білім алушылардың сабақтарды меңгеруі. Материалдың өзін игеру көбінесе жаңа терминологияны игеруге байланысты. Егер оқушылар бұл ұғымның нені білдіретінін толық түсіне алмаса немесе оның түсіндірмесін жіберіп алса, онда болашақта оларға жаңа ақпаратты игеру қиынға соғады. Нәтижесінде пәнге деген қызығушылық жоғалады және оқу үлгерімінің төмендеуі байқалады. Демек, ұғымдарды қалыптастыру маңызды өзекті мәселе. Сондықтан мұғалім оқушылар үйренуі керек биологиялық ұғымдармен жұмысты нақты көрсетуі керек.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 сәуірдегі №132 бұйрығының Орта білім беру ұйымдары үшін оқу-әдістемелік кешендердің мазмұнына қойылатын талаптар атты 3-тараудың 16 – 17 тармақшаларында оқулыққа сәйкес арнайы және оқу терминологиясын, ұғымдар мен терминдерді қолдану, жасына (сыныпқа) сәйкес пән тілі мен терминологиясын енгізу белгіленген.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Мектеп оқушыларының биологиялық терминдер бойынша жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктерін анықтау

Осы орайда негізгі міндеттер: негізгі орта білім беру деңгейі бағдарламаларындағы биологиялық ұғымдарын жіктеу және мектеп оқушыларының биология сабағындағы терминдермен жұмысын ұйымдастырып, дидактикалық тапсырмалар даярлау.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы: Биологиялық терминдерді қолдану негізінде әдістемелік материалдар әзірленіп, оларды биология сабақтарында пайдалану арқылы оқушылардың жұмысы ұйымдастырылады.

Зерттеу нысаны ретінде сабақ жоспарларына кіріктірілген тапсырмалардың тиімділігі, биологиялық ұғымдарды жіктеу алынды.

Жұмыстың практикалық маңызы: 7 – сыныпқа арналған биология оқулықтары негізінде биологиялық терминдердің жіктелуіне сараптама жасалып, биология сабақтарында қолданылды. Биологиялық ұғымдардың қалыптасуына әсер ететін әдістер мен құралдар таңдалып, 2 жыл көлемінде сыналды.

Мектептегі биология курсының мазмұнын құрайтын терминдер өте алуан түрлі және үнемі дамуда, осы орайда мұғалімге әр бөлімде негізгі биологиялық терминдерді бөліп көрсету, ұғымдар негізінде білімдерін кеңейту, зерттелген терминдерге оралу және одан әрі жаңа материалды зерттеу кезінде үнемі жұмыс жасау Джером Брунер ұсынған «спиральді оқу бағдарламасы» бүгінгі күні қолданыстағы жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде жүргізіледі.

Зерттеу барысында 7 – сыныптардың биологиялық ұғымдарына талдау жасалды. Қолданыстағы Очкур Е.А., Құрманғалиева Ж.Ж. авторларының «Биология» оқулығы сөздігіндегі биологиялық ұғымдарға талдау жасалды. Нәтижесінде қарапайым, аралас, арнайы және жалпы биологиялық топтарға біріктіргенде, қарапайым және жалпы биологиялық ұғымдар – 20,7% - дан, жалпы 41,4%, аралас топтағы ұғымдар – 13,8%, жалпы биологиялық топтағы ұғымдар үлесі - 44,8% құрады (Сурет 1).



Сурет 1. Биологиялық ұғымдарды топтастыру

7 – сынып оқушыларына арналған «Биология» оқулығында берілген сөздік негізінде биологиялық ұғымдарды жіктеуге болады: физиологиялық – 17, анатомиялық – 10, морфологиялық – 9, ботаникалық – 9, систематикалық – 7, экологиялық – 3, цитологиялық – 2, генетикалық – 1, медициналық – 0, эмбриологиялық – 0, эволюциялық – 0, гигиеналық – 0 (Сурет 2).



Сурет 2. Биологиялық ұғымдардың жіктелуі

7 – сынып оқушылары биология сабағын бірінші жыл оқып бастаған себептен жаңа биологиялық терминдер жұмыс жасау үлкен қызығушылықты тудырады. Пәнаралық байланыс нәтижесінде біраз терминдер басқа жаратылыстану – математикалық және қоғамдық – гуманитарлық сабақтарда да жиі қолданысқа ие. Бұл биологиялық терминдердің оңай қабылдауға мүмкіндік береді. Оқушылардың биологиялық терминдермен жұмыс жасауда түрлі дидактикалық тапсырмалар мен әдістер қоры қолданылды. Зерттеу жұмысы 7 – сынып биология сабағының 3 тоқсандағы «Координация және реттелу» тарауының оқу мақсаттарына сай алынған. Жаңа тақырыпқа шолу жасап, түсінік қалыптастыруда бейнеролик ұсынылып, сабақ мақсатын оқушылардың өздері пайымдау сұралады. Осы жерде «Түртіп алу» әдісі арқылы оқушылар терминдерді дәптерлеріне жазып, жұмыс жасайды. Қосымша терминдермен таныстыру және оларды есте сақтауға мүмкіндік беретін интерактивті әдіс ретінде quizlet.com бағдарламасы қолданылды (Сурет 3).



Сурет 3. quizlet.com бағдарламасындағы тапсырма

Оқушылардың сабақты бекіту тапсырмалары ретінде жеке жұмыс жасайды, яғни жазбаша тапсырмалар мен Wordwall.net бағдарламасында биологиялық диктант тапсырмасын орындайды (Сурет 4).

0:03



Диффузды жүйке жүйесі типі ең ежелгі
тән. Жүйке жүйесі жұп жүйке түйіндерінен (ганглиясынан)
және олардан дененің артқы жағына қарай тартылған
жүйке бағандарынан, сондай-ақ олардың арасын байланыстыратын аралық
сақиналардан тұратын жүйке жүйесі типі мен
жалпақ құрттар тән. Жүйке жасушалары денелерінің
жиынтығынан түйіндер (ганглиялар) түзілетін жүйке жүйесі типі
, ұлулар мен буынаяқтыларға тән. Олар жұтқыншақ маңы
жүйке сақинасынан және құрсақ жүйке тізбегінен тұрады. Ми мен
жұлыннан тұратын түтікті жүйке жүйесі типі түрлеріне тән.

Сурет 4. Wordwall.net бағдарламасында биологиялық диктант

Сабақтың соңында оқушылар рефлексия жұмысын орындаған Мен енді білемін;
Менің түсінбей қалғаным ...; Мен жақсы түсіндім дегенде көпшілігі сабақтың жақсы,
қызықты өткенін атап өтіп, Мен енді білемін... тұжырымын ары қарай жалғастырып,
сабақты қорытындылады.

Сабақ жоспары негізінде үй тапсырмасын тексеріп, оқушылардың сабаққа
дайындығын анықтау үшін «Таза тақта» әдісі қолданылды. Әдіс арқылы оқушылар өткен
сабақтағы биологиялық терминдерді естерінде жаңғыртып, тақтадағы білген терминдерді
жинастырады, яғни тақтаны тазартады. Әдіс нәтижесінде өткен тақырып бойынша
білімдері тексеріліп, қайталау жұмысы да жасалады. Әдістің тиімділігі белсенді оқыту
әдісі бола тұра, оқушылардың терминдерді ажырата алуда үлкен рөл атқарады.

Зерттеу нәтижесінде мектеп оқушыларының биология сабағындағы терминдермен
жұмысын сабақ үстінде ұйымдастырудың әдістері анықталып, бөлім бойынша жиынтық
бағалау нәтижелері мен рефлексия жұмысы арқылы талданды. Қорытындылай келгенде,
7 – сынып оқушыларының жаңа терминдермен жұмыс жасауда белсенділігі мен
қызығушылығын атап өтіп, академиялық құзыреттіліктерінің дамығанын ескеру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика. – Алматы: Дарын, 2004.
2. Якунчев М.А. Методика преподавания биологии [Текст]: учебник для студ. высш. учеб. заведений / М.А. Якунчев, О.Н. Волкова, О.Н. Аксенова и др.; под ред. М.А. Якунчева. – М.: «Академия», 2008. – 320 с.
3. Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы – «Әділет» АҚЖ
4. Бабакова Т.А. Методика обучения биологии [Текст]: Учебное пособие для студентов эколого-биологического факультета./ Т. А. Бабакова – Петрозаводск: ПетрГУ, 2014. – 111 с.
5. Суперанская А. В. Общая терминология [Текст]/ А. В. Суперанская, Н. В. Подольская, Н. В. Васильева. – М.: Наука, 1989. – 246 с.

6. 2024 – 2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу - тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хат. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2024 ж., Нұр – Сұлтан қ.

7. Жаңартылған мазмұндағы бағдарламалар бойынша (7-9 сыныптарда) «Биология» оқу пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу. Әдістемелік ұсынымдар., Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019 ж., Нұр – Сұлтан қ.

8. Очкур Е.А., Құрманғалиева Ж.Ж. «Биология» Жалпы білім беретін мектептің 7 – сыныбына арналған оқулық: - Алматы: Мектеп, 2017. – 256 б.

9. <https://quizlet.com/latest>

10. <https://wordwall.net/myactivities>

ОРЫС СЫНЫПТАРЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Б.М. Төлегенова

Астана қаласы әкімдігінің «Кемел Ақышев атындағы №69 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Аңдатпа

Бұл мақала қазақ тілін меңгерудің маңыздылығы туралы жазылған. Өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін білу, дұрыс сөйлеп, қарым-қатынас жасау өте маңызды. Оқушыны ойната отыры, жалықтырмай тапсырмаларды орындату тілді меңгерудің ең тиімді жолы. Деңгейлік тапсырмалар оқушының деңгейінің жоғарлауына пайдасы мол. Оқушы қарапайым деңгейден жоғары деңгейге көтерілген берілген тапсырмалар арқылы көз жеткізіп отырады. Деңгейлеп оқыту арқылы оқушыны күштеп оқудан аулақтатып, өз бетімен оқуына, ақпаратты өз бетімен өңдеуге, ешкімнің көмегінсіз өз бетінше ойланып шешім қабылдауға дағдыландырады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушы өз ойын тұжырымды жинақтап, шешен сөйлеуге қалыптастырып, қазақ тіліне деген қызығушылықтарын арттыру.

Түйінді сөздер: қазақ тілі, деңгейлік тапсырма, тілді меңгерту.

Кіріспе

Білім беру жүйесі қоғаммен бірге дамып, онымен бірге үнемі өзгеріп отырады. Ол әр ұлттың өзіндік ерекшеліктеріне қарай қалыптасып, үнемі жетіліп, уақыт өткен сайын күрделене береді. Заман өзгерісіне қарай мектептерге қойылатын талаптар мен оқыту және тәрбиелеу әдіс-тәсілдері де өзгереді.

Қазіргі таңдағы қазақ тілінің мәртебесін арттырудың қажет. Олай болса, ескі сүрлеуден арылып, жаңа жолдан іс бастап қазақ тілін меңгерудің жаңа әдістерді қолдана отырып, жеке тұлғаның дамуына қолайлы жағдай туғызу қажеттілігі тұр.

Қазақ ғалымдарының арасында деңгейлеп оқытуды басшылыққа алған педагогика ғылымының докторы Ж.А.Қараев пен Жанпейсованы негізделіп жасалғанын атап өтуге болады. Орыс сыныптарына қазақ тілін меңгеруде деңгейлеп оқытуды басшылыққа алып, тапсырмаларымды осы технология бойынша реттедім.

Қараевтың педагогикалық технологиясы — оқытуды дифференциялауға негізделген, оқу үрдісіндегі мұғалім мен оқушының, оқу мазмұны мен түрдің, әдістер мен амалдардың, оқу мақсатының ықпалдасу заңдылығының жүйесі. Бұл технологияның - ең басты ерекшелігі: алдымен мұғалім емес, оқушының әсерлену жүйесін қалыптастырады. Оның өзіндік ерекшеліктері мыналар:

- білім стандартына сай толық нәтиже береді;
- мақсатты диагностикаға қарай ден қою және оқу нәтижесін шынайы дәл бағалауға қол жеткізеді;
- дидактикалық үрдістің тұтастығы;
- оқушының оқу-танымдық қызметінің құрылымы мен мазмұнын анықтайтын оқу

үрдісі жобасының болуы.

Әдістеме

Бұл технологияның жемісі сол, ол оқушыны күштеп оқудан аулақтатып, өз бетімен оқуына, ақпаратты өз бетімен өңдеуге, ешкімнің көмегінсіз өз бетінше ойланып шешім қабылдауға дағдыландырады. Әсіресе, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушы өз ойын тұжырымды жинақтап, шешен сөйлеуге қалыптасады.

1. Деңгейлік тапсырмалардың маңызы

Деңгейлік тапсырмалар – оқушының білімін жүйелі түрде бағалауға мүмкіндік беретін әдіс. Олар оқушының түсіну деңгейіне сай құрылып, оқу материалын толық меңгеруіне ықпал етеді. Деңгейлік тапсырмалардың басты ерекшелігі – әрбір оқушының жеке қажеттілігі мен білім деңгейіне сәйкес келетін тапсырмаларды таңдай отырып, оның қабілетін арттыру. Бұл әдіс арқылы оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу дағдылары қалыптасады.

2. Деңгейлік тапсырмалардың құрылымы

Деңгейлік тапсырмалар үш деңгейден тұрады:

Бірінші деңгей – оқушылардың бастапқы білімдерін тексеру үшін арналған. Бұл тапсырмалар жеңіл, қарапайым және түсінікті болуы керек. Мысалы, сөздік қорын тексеруге арналған тапсырмалар, қысқа сөйлемдер құрастыру.

II деңгей – оқушылардың орташа білімін тексеруге арналған. Бұл тапсырмалар күрделірек, бірақ оқушының түсіну деңгейіне сәйкес болуы қажет. Мысалы, мәтіндерді аудару, мәтіннің негізгі идеясын анықтау, синтаксистік құрылымдарды түсіну.

III деңгей – оқушылардың терең білімін тексеруге арналған тапсырмалар. Мұнда оқушылардың шығармашылық қабілеттері бағаланады. Мысалы, мәтін жазу, ұсыныстар мен пікірлер қалыптастыру, мәтінді талдау.

Практикада қолдану

Қазақ тілі сабағында деңгейлік тапсырмаларды негізге ала құрылымын негізге ала отырып, өз тәжірибемде төмендегідей тапсырмалар дайындап, оның жемісін де көріп жүрмін. Сабақта қолданылатын тапсырмалардан төмендегідей үзінді ұсындым:

Ауылым - алтын бесігім

Қазақта «Ауылым – алтын бесігім» деген сөз бар. Әркімге өзінің туған жері – Жерұйық. Біздің дүниеде жалғыз еліміз бен жеріміз бар. Ол – Қазақ елі. Жалғыз Отанымыз - Қазақстан. Отаныңды сүй. Отаныңа деген сүйіспеншілік отбасыңнан, кіндік қаның тамған жерден, ұшқан алтын ұяңнан басталады. Менің де ұшқан ұям - дәл осы жер.

Балалық шағы өткен жерін адам ешуақытта ұмытпайды. Ауыл-біздің табан тірер жеріміз, тұғырымыз.

Ауыл – халық руханияттың алтын діңгегі.

Деңгейлік тапсырмалар

1-деңгей

«Сырлы қоржын» әдісі. Қапшық ішіндегі жұлдызшалардан сабақ тақырыбына байланысты сөздерді іріктеп, мағынасын ажырату. Керекті сөздер: төрт түлік мал, ұшақ, құрт, қаймақ, ірімшік, аттракцион, айран, субұрқақ, киіз үй, алтыбақан, пойыз, т.б.

2-деңгей

- мәтінді оқып, берілген сұрақтарға жауап беріңіз;

Түсіндірмелі сөздіктің көмегімен «жерұйық» «кіндік қаны тамған жер» «ұшқан ұя» деген тіркестердің мағынасын нақтылаңыз.

- мәтіндерден алынған сөздерден қатыстық сын есім жасаңыз. (ауыл, тұғыр, отбасы)

«Сұрақ-жауап» әдісі:

1. Туған жеріңнің табиғаты жайлы не айтар едіңіз?

2. Өскен жерің саған неге ыстық?

3. Ауыл мен қала өмірінің айырмашылығы қандай?

4. «Ауыл-халық руханиятының алтын діңгегі» дегенді қалай түсінесіздер?

3-деңгей «Әркімге өзінің туған жері ыстық» деген тұжырымға өз ойыңызды сапалық сын есімдерді қолдану арқылы жеткізіңіз.

Ұсыныстар

Деңгейлік тапсырмаларды орындау барысында педагогтерге төмендегідей

ұсыныстар айтуға болады.

«Ауылым - алтын бесігім» тақырыбындағы оқу мақсаты бағдарлама бойынша таңдап алынды. Тыңдалым, айтылымға және ӘТН бойынша тапсырмаларды сабақ мақсатына негізделіп берілді.

Сабақ тақырыбына байланысты ұсынылған мәтін адам баласы үшін кір жуып, кіндік кескен туған жердің қашан да ыстық болатынын және ауыл топырағында аунап өскен жанның өзі еліне, жеріне деген сүйіспеншілігінің бар болуын дәріптейді. Ауыл-халық руханиятының алтын діңгегі емес пе?! Сондықтан да ауылда өскен бала рухани, ұлттық құндылыққа сусындайды. Бұл тақырыпты таңдау себебім де –осында.

Мақсатқа жету үшін берілген тақырыпқа сабақ мақсатына сай тапсырмалар құрастырылды. 1-деңгейлік тапсырмада белсенді оқытудың «Сырлы қоржын» әдісі бойынша қапшық ішіндегі жұлдызшалардан сабақ тақырыбына байланысты сөздерді іріктеу арқылы қала баласының жалпы ауыл жайлы ұғымын болжап, ой қозғауда тиімді болды. Тыңдалым мазмұны негізінде шынайы өмірмен байланыстырып жауап беру саралап оқытудың алған білімін жинақтауға бағытталғандықтан 2-тапсырмадағы «Сұрақ-жауап» әдісі мәтіннен алған ақпаратты негіздей отырып, өмірмен байланыстыруда оқушылар ерекше қызығушылық танытып, өз ойларын ортаға сала отырып, жан-жақты жауап берді. Оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда дағдыларға сәйкес тілдік бағдарын дамыта отырып, коммуникативтілік құзыреттілігін арттыру көзделді.

Бағалау критерийін құрастырған тапсырмалар негізінде әр қадамды дескрипторға айналдырып құрастырдым. Бағалауда жұптық бағалау кері байланыс арқылы жүзеге асты. Орыс сыныптарында қазақ тілі пәнінен деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушының білім сапасын арттыру – қазіргі білім беру жүйесінің маңызды бағыттарының бірі. Деңгейлік тапсырмалар оқушылардың тіл үйрену процесін жеңілдетіп, олардың білім деңгейін арттыруға көмектеседі.

Сонымен қатар, бұл әдіс оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Әрбір оқушыға жеке көзқараспен қарау, оның білім деңгейіне сәйкес тапсырмалар беру арқылы қазақ тілін оқыту сапасын арттыруға болады.

Қорытынды

Қорыта келгенде деңгейлік тапсырмалар орындау негізінде оқытудың тиімділігі:

оқушы өз бетімен жұмыс істеуге дағдыланады ;

оқушының жеке қабілеті айқындалады;

іштей бір-бірінен қалмауға тырысады;

тапсырманың күрделену деңгейіне сәйкес оқушының ойлау қабілеті артады;

сынып оқушылары толық бағаланады;

әр бала өз деңгейіне, қабілетіне қарай бағаланады.

Демек, жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану білім сапасын арттырудың бірден-бір жолы. Оқыту үрдісінде оқушылардың білім қорын молайтуға, белсенділігін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге көмегі бар.

Пайдаланған әдебиеттер:

1.Жанпейісова М.М. «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде». Алматы 2006 жыл.

2.Қамзина М. «Модульдік оқыту технологиясы» // Тәрбие құралы. 2005 жыл, №4.

3.Педагогтың кәсіби деңгейін өсіруде әдістемелік жұмысты ұйымдастыру жолдары. //Ғылыми-практикалық жинақ. Алматы, 2008 жыл.

4.Искакова Р., Ерназарова «Жаңа технологияны пайдалану әдістері». Қызылорда, 2004 жыл.

5.Жадрина М.Ж. «ҚР-дағы жоғарғы білім беру дамытудың тенденциялары мен мәселелері». Алматы 2002 жыл.

6. Назарбаев Н.Ә. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан //Қазақстан халқына Жолдауы//, 28.02.2007.

ЖОБАЛАУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Тургаева Боранкүл Асқарқызы,
«Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы
білім бөлімінің №1 мектеп-лицейі» КММ қазақ тілі мен әдебиеті
мұғалімі

Аңдатпа

Мақалада оқушылардың тілдікі құзыреттіліктерін қалыптастыратын жобалау әдісі білім берудің тиімді құралы жайлы жазылады. Жобалық жұмысты ұйымдастыра білу мұғалімнің шеберлігін шыңдайтыны және оқушылардың өзін-өзі басқара алуы, тіл табыса алуы, зерттеу, іздену жұмыстарына белсенділігі және рефлексивті дағдыларын арттыру жұмыстарын қалыптастыру жөнінде айтылады. Мұғалімнің тәжірибесінде жобаны қолдана білудің оң нәтижесінен келтірілген мысалдар қарастырылады.

Кілт сөздер: жоба, басқарушылық, дағды, іздену, тиімділік, әдіс-тәсіл

Аннотация

В статье рассматривается важность метода проектирования для формирования языковых компетенций учащихся и его эффективность как инструмента в образовательном процессе. Правильная организация проектной работы способствует повышению профессионального мастерства учителя, а также развитию у учащихся навыков самоуправления, умения взаимодействовать, исследовать и активно участвовать в поисковой деятельности, а также формирует рефлексивные навыки. Таким образом, проектная работа обогащает опыт учителя и способствует активному организации учебного процесса, позволяя учащимся развивать необходимые компетенции.

Ключевые слова: проект, управление, навыки, исследование, эффективность, методика.

Соңғы жылдары отандық білім беру жүйесі мектептегі оқыту үдерісінің барлық аспектілерін қамтитын елеулі өзгерістерге ұшырады. Жеке тұлғаға бағытталған оқыту принциптерін енгізу, оқытуды дараландыру және оқушының оқыту үдерісіндегі субъективті рөлін күшейту жаңа оқыту әдістерін енгізуді талап етті.

Қазіргі мектеп оқыту үдерісінде:

оқушылардың оқу үдерісінде белсенді, дербес және бастамашыл ұстанымын қалыптастыруға ықпал ететін әдістер қажет;

